

Қазақстан Республикасында мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қазандағы № 1072 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдар есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жылдың қорытындылары бойынша Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 370 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жылдың қорытындылары бойынша Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 370 қаулысымен.

4. "Қазақстанда әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін қалыптастыру және қазақстандық алғашқы мұнай-химия кешенін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы № 989 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанда әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін қалыптастыру және қазақстандық алғашқы мұнай-химия кешенін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 20-жол алынып тасталсын.

5. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 13 қазандағы
№ 1072 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама

Астана, 2010 жыл

Бағдарламаның құрылымы

1. Бағдарламаның паспорты
2. Кіріспе
3. Ағымдағы жағдайды талдау

3.1. ағымдағы жағдайды, саланың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау

3.2. саланың мықты және осал жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау

3.3. саланы дамытудың негізгі проблемалары, үрдістері мен алғышарттары

3.4. қазіргі нормативтік-құқықтық базаның, қолданыстағы практиканың және дамуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерінің сипаттамасын қоса алғанда, саланы дамытудың қолданыстағы мемлекеттік реттеу саясатын талдау

3.5. Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімделуі мүмкін қазіргі бар проблемаларды шешу бойынша шетелдік оң тәжірибеге, сондай-ақ жүргізілген маркетингтік зерттеулердің нәтижелеріне шолу жасау

4. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, мақсатты индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

6. Қажетті ресурстар

7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 418; 17.04.2014 № 370 қаулыларымен.

Бағдарламаның Қазақстан Республикасында мұнай-газ атауы секторын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама

Әзірлеу "Қазақстан Республикасын үдемелі негіздемесі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы.

Бағдарламаны Қазақстан Республикасы Мұнай және газ әзірлеуге және министрлігі іске асыруға жауапты мемлекеттік орган

Бағдарламаның Мұнай-газ саласын теңдестірілген және мақсаты тиімді дамыту

Міндеттері Мұнай және газ конденсатын өндіру мен экспорттау бойынша белгіленген көрсеткіштерді орындау;

мұнай өнімдері мен газға ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

барланған көмірсутек қорларының өсімін қамтамасыз ету және өндіру деңгейін тұрақты жоғары деңгейге шығару;

отандық көмірсутек шикізатын (мұнай/газ)

өңдеу тереңдігі мен көлемдерін ұлғайту;

мұнай мен газ тасымалдаудың экспорттық бағыттарын әртараптандыру;

саланы техникалық реттеу нормаларын үйлестіру;

мұнай-газ компанияларындағы қазақстандық үлес деңгейін ұлғайту;

еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыратын жағдайларды қамтамасыз ету;

еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту

Іске асыру мерзімі 2010 - 2014 жылдар

Мақсатты 1) 2014 жылы мұнай өндіру көлемін ұлғайту индикаторлар 83,0 млн. тоннаны құрайды (2009 жылмен салыстырғанда 108,4 %);

2) 2014 жылы шикі газ өндіру көлемін ұлғайту 41,0 млрд. текше м құрайды (2009 жылмен салыстырғанда 113,8 %);

- 3) 2014 жылы құрғақ газ экспортының көлемін 7,3 млрд. текше м ұлғайту (2009 жылмен салыстырғанда 104,2 %);
- 4) Каспий теңізінің қазақстандық секторының жағадағы инфрақұрылымының басым объектілерінің тізбесіне сәйкес жағадағы инфрақұрылым объектілерін салу;
- 5) 2014 жылы қазақстандық үш мұнай өңдеу зауытында мұнай өңдеу көлемін 15 млн. тоннаға дейін ұлғайтылады;
- 6) отандық мұнай өнімдерінің сапасын К4, К5 экологиялық класс стандарттарына дейін жеткізу;
- 7) мұнай өнімдерін тұтыну құрылымының болжамды өзгеруін қанағаттандыруға бағытталып шығарылатын өнім түрлерін оңтайландыру және ұлғайту;
- 8) 2014 жылы газ тасымалдау көлемін жылына 121,4 млрд. текше м дейін, оның ішінде "Бейнеу-Бозой-Шымкент" газ құбыры бойынша 2014 жылы 2,5 млрд. текше м дейін ұлғайту;
- 9) 2014 жылға қарай мұнай құбырларының өткізу қабілетін ұлғайту: Каспий Құбыр Консорциумы (бұдан әрі – КҚК) – жылына 61,2 млн. тоннаға дейін, оның ішінде қазақстандық учаскеде – жылына 49,3 млн. тоннаға, Қазақстан-Қытай – жылына 20 млн. тоннаға дейін құрайды;
- 10) халықаралық газ транзитінің көлемін жылына 100 млрд. текше м дейін ұлғайту;
- 11) 2013 жылдан бастап мұнай жол битумын жылына 200 мың тонна көлемінде өндіруді қамтамасыз ету;
- 12) 2014 жылы хош иісті көмірсутектерді (бензол, параксилол) жылына 188,7 мың тоннаға дейін өндіруді қамтамасыз ету;
- 13) 2015 жылдан бастап базалық мұнай-химия өнімінің өндірісін жылына 800 мың тонна полиэтилен және жылына 500 мың тонна

полипропилен көлемінде өндіруді қамтамасыз ету;

14) мұнай-газ саласын техникалық реттеу саласындағы техникалық регламенттер, стандарттар және өзге де құжаттар әзірлеуді қамтамасыз ету;

15) 2014 жылдың қорытындысы бойынша мұнай-газ компанияларының сатып алуындағы жергілікті қамту деңгейін тауарлар бойынша 16 %-ға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 72,5 %-ға жеткізу;

16) мұнай-газ саласында қажетті мамандар даярлау;

17) 2012 жылы ілеспе газдың (технологиялық еріксіз жағылатын газ көлемін қоспағанда) кемінде 95 %-ын кәдеге жарату.

Қаржыландыру Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржы көздері мен ресурстарының жалпы көлемі 7 102 159,8 млн. көлемдері теңгені құрайды, оның ішінде қаржыландыру көздері бойынша:

- 1) республикалық бюджет – 143304,5 млн. теңге;
- 2) қарыз қаражаты – 738304,6 млн. теңге;
- 3) меншікті қаражат – 4145860,2 млн. теңге;
- 4) меншікті және қарыз қаражаты – 2074690,5 млн. теңге.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу қажеттілігі ел экономикасындағы мұнай-газ саласының рөлін тұрақты нығайтумен шарттасады.

Мұнай-газ саласы елдің және оның жекелеген өңірлерінің дамуына маңызды әлеуметтік-экономикалық әсерін тигізеді, шын мәнінде мемлекеттің бүкіл экономикасы үшін алға тартушы күш болып табылады, экономиканың басқа да салаларының

дамуына ықпал етеді. Мұнай-газ кешені кәсіпорындарының жұмысы өңірлер мен бүкіл мемлекет ауқымындағы неғұрлым маңызды әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуымен байланысты.

Жақын болашақта елдің мұнай-газ секторы серпінді дамитын болады, бұл өндірістік, әлеуметтік және экологиялық бағыттағы объектілер құрылысын қамтитын салаларды кешенді дамытудың ел үшін бірыңғай жоспарларын әзірлеу жолымен барлық мүдделі тараптардың қызметін үйлестіруді талап етеді.

Бағдарлама қаралып отырған кезеңдегі салалық мәні бар маңызды міндеттердің шеңберін айқындайды және тиісінше, оларды шешуге бағытталған өзара байланысты ұйымдық, норма шығарушылық, әлеуметтік, экономикалық, қаржылық және басқа да шаралар кешенін қалыптастырады.

Бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша саланың жұмыс істеу тиімділігін арттыру арқылы көмірсутек шикізатын өндіру және өңдеу деңгейін өсіруден, мұнай мен газ ресурстарын тиімді пайдаланудан, халықаралық транзит көлемдерін өсіруден әлеуметтік-экономикалық әсерді ұлғайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің толық энергетикалық тәуелсіздігіне, ішкі нарықты мұнай өнімдері мен газға қажеттіліктерін үздіксіз және толық қамтамасыз етуге қол жеткізу көзделеді.

Бағдарлама мұнай-газ кешенін дамыту мәселелерінен басқа, өндірістік, әлеуметтік және экологиялық бағыттағы ілеспе объектілерді жақсарту мүмкіндіктерін қарастырады.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

3.1. Саланың ағымдағы жағдайын, сондай-ақ осы саланың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау

Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 370 қаулысымен.

Қазіргі уақытта республиканың шамамен 900 мың шаршы км. алаңы 1958 - 1965 және 1975 - 1995 жылдары Қазақстан мен Ресейдің әр түрлі ұйымдары жасаған өңірлік, іздеу және егжей-тегжейлі сейсмикалық бейіндерінің желілерімен қамтылған.

Қазақстан Республикасындағы көмірсутек шикізатының жалпы болжамды алынатын ресурстары 17 млрд. тоннаны құрайды, оның 8 млрд. тоннасы Каспий теңізінің қазақстандық секторына (бұдан әрі - КТҚС) тиесілі. Расталған мұнай қорлары бойынша Қазақстан әлемдегі 15 жетекші елдердің қатарына кіреді. Қазақстан көмірсутек шикізатының елеулі қорларына - әлемдік қордың 3,3%-на иелік етеді (алынатын мұнай қорлары 4,8 млрд. тонна және алынатын газ қорлары Каспий қайраңындағы жаңа кен орындарын есептегенде, 3 трлн. текше метрден асты, ал ықтимал ресурстары 6-8 трлн. текше метр деп бағаланады).

Республиканың 172 мұнай және 42 конденсатты кен орны орналасқан (оның ішінде, 80-нен астамы игерілуде) мұнай-газды аудандары, оның алаңы шамамен Қазақстан аумағының 62%-ын алып жатыр. Қазақстандағы мұнайдың негізгі қорлары (90%-дан астамы) ең ірі 15 кен орнында, олар - Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жанажол, Қаламқас, Кеңқияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бозашы, Әлібекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское, жартысы - екі ірі мұнай кен орны Қашаған мен Теңізде шоғырланған.

Кен орындары Қазақстанның он төрт облысының алтауының аумағында орналасқан . Бұл Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Бұл ретте көмірсутек қорларының шамамен 70% Қазақстанның батысында шоғырланған.

Мұнайдың неғұрлым барланған қорлары Атырау облысына тиесілі, оның аумағында өнеркәсіптік санаттағы 930 млн. тонна қормен 75-тен астам кен орны ашылды.

15-тен астам көмірсутек кен орны Батыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Мұнай-газды әлеует тұрғысынан Ақтөбе облысы тағы бір перспективті өңір болып табылады. Мұнда 25-ке жуық кен орны ашылды. Қызылорда және Қарағанды облыстарының мұнай өндіру саласының негізі - маңыздылығы бойынша Қазақстанның бесінші мұнай-газды провинциясы - Құмкөл кен орындар тобы болып табылады.

Қазақстанның мұнай-газ саласының ресурстық әлеуетін одан әрі молайтуға Каспий және Арал теңіздерінің айдынында республика жүргізіп жатқан жер қойнауы учаскелерін кең ауқымды зерттеулер ықпал ететін болады.

Каспийдің солтүстігінде алынатын 2,02 млрд. тонна болжамды қормен 2000 жылы ашылған Қашаған кен орны соңғы 30 жыл ішіндегі әлемдік тәжірибедегі ең маңызды оқиға деп аталды.

1-диаграмма Қазақстан Республикасында 01.01.2010 ж. алынатын газ қорлары - 3,7 трлн. текше м.



Мұнай мен газды іздеу перспективалары Каспий маңы ойпатындағы, Арал маңындағы зерттелмеген терең жатқан құрылымдармен, сондай-ақ Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Қазақстан объектілерінде анықталған сейсмикалық барлау нәтижелерімен байланыстырылады.

Қазақстан үшін табиғи газ неғұрлым перспективті энергия тасығыш болуда, оның қорлары бойынша Қазақстан әлемдегі 14-орынды және тәуелсіз мемлекеттер достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдерінің арасында Ресей, Түрікменстан мен Өзбекстаннан кейінгі 4 - орынды иеленуде.

Географиялық тұрғыдан барлық газ қорының 98% - ы аумақтық тиесілілігі Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарына жататын Батыс Қазақстанның жер қойнауында орналасқан.

Қазақстан Республикасындағы мұнай өндіру көлемінің 70%-дан астамын АҚШ, Қытай, Ресей, Еуропалық Одақ (бұдан әрі - ЕО) елдерінің шетелдік инвесторлары қамтамасыз етеді, ExxonMobil, Chevron, Agip, BG, BP/Statoil, Shell, Total, INPEKS, Philips, ЛУКойл, Оман Ойл, Eni сияқты ірі ұлттық және трансұлттық компаниялар және басқалар жұмыс істеуде.

Мұнай мен газды өндіру

2009 жылы республикада мұнай мен газ конденсатын өндіру 2008 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға ұлғайып, 76,5 млн. тоннаны құрады, мұнай мен газ конденсатының экспорты 68,1 млн. тоннаға - 8,4%-ға өсті.

Қазақстан Республикасының аумағында 2009 жылдың қорытындылары

бойынша негізгі мұнай өндіруші компаниялар "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ТШО) (22,5 млн. тонна), "Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В." жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ҚПО б.в.) (11,9 млн. тонна), "ҚазМұнайГаз" барлау және өндіру" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - БҰ) (8,9

млн. тонна), "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" АҚ) (6,0 млн. тонна) және "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы (5,7 млн. тонна) болып табылады.

Республика аумағындағы көмірсутек шикізатының құрлықта игеріліп жатқан кен орындарының көпшілігі жылдық өндірудің ең жоғары деңгейіне жетті. Құрлықтағы өндірістің одан әрі өсуі бірінші кезекте Теңіз және Қарашығанақ кен орындарының қарқынды игерілуіне байланысты. 2013 жылы Қашаған кен орнында коммерциялық өндіруді бастау жоспарлануда.

Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылардың газды өндіруі өндіру көлемдерінің тұрақты өсу үрдісін растайды - 2009 жылы 36,0 млрд. текше метр газ өндірілді, бұл 2008 жылғы газ өндіру деңгейінен 7,5% жоғары.

Қазақстан Республикасының аумағындағы негізгі газ өндіруші компаниялар (2009 жылғы деректер бойынша) ҚПО б.в (15,0 млрд. текше метр), ТШО (11,7 млрд. текше метр), "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамы (3,0 млрд. текше метр), "Толқынмұнайгаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (2,3 млрд. текше метр), ҚМГ (0,4 млрд. текше метр) болып табылады.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерін газбен тұрақты жабдықтау қажеттілігін ескере отырып, жылына 300-330 млн. текше метр деңгейінде Амангелді кен орындары тобын одан әрі игеру газ өндіру құрылымында маңызды орын алады. Осы кен орындары тобын одан әрі дамыту мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кен орындарының табиғи газын сату бағасын кезең-кезеңмен көтеріп отыру саясатына байланысты болады, себебі газға бағаның кезең-кезеңмен өсуіне тосқауыл қою жер қойнауын пайдаланушы-компанияға кен орындарының келісімшарттық аумағын барлау мен игерудің өндірістік бағдарламасын жүзеге асыру үшін жеткілікті қаражат көлемін шоғырландыруға мүмкіндік бермейді.

Сонымен бірге, газдың елеулі көлемін жер қойнауын пайдаланушылар өз қажеттіліктеріне пайдаланатынын немесе кері айдау үшін жұмсайтынын ескере отырып, таратылатын тауарлық газдың көлемі маңызды көрсеткіш болып табылады, 1-кесте.

1-кесте

2009 жылғы тауарлық газды өндіру және шығару теңгерімі

№	Көрсеткіштің атауы	Саны, млрд. текше м
1	Шикі газ өндіру, барлығы	36,0
2	Шикі газды пайдалану, оның ішінде:	16,3
2.1	технологиялық және өз қажеттіліктеріне	7,5
2.2	қойнауқатқа қайта айдау	8,8
3	Құрғақ газ өндіру, оның ішінде:	19,7
3.1	жер қойнауын пайдаланушылардың өз технологиялық қажеттіліктеріне тұтынуы	3,0
3.2	таратылатын тауарлық құрғақ газ	15,6
3.3	жерасты газ қоймаларына газды айдау	1,1

Ішкі тұтынудың 36%-ы Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына жеткізілетін қарашығанақ газының осындай көлеміне айырбасталатын, Қазақстан Республикасының оңтүстігіне (Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары) Өзбекстан арқылы, сондай-ақ Қостанай облысына Ресей арқылы жеткізілетін газ импорты есебінен қамтамасыз етіледі. Мұндай жағдай көрсетілген облыстардағы газ магистралі жүйесінің кеңестік газ тасымалдау жүйесі салынған кезеңде құрылуына байланысты болып отыр, 2-кесте.

2-кесте

2009 жылғы тауарлық газды тарату теңгерімі

Көрсеткіштің атауы	Саны, млрд. тек. м
Таратылатын тауарлық құрғақ газ	15,6
Импорт*	3,1
Газ ресурстарының жиыны, оның ішінде:	18,7
Ішкі тұтыну	8,6
Экспорт*	10,1

* - СВОП операцияларын есептеумен

Мұнай мен газды өңдеу

Қазақстан Республикасында үш мұнай өңдеу зауыты (бұдан әрі - МӨЗ) бар, олар - Атырау мұнай өңдеу зауыты (бұдан әрі - АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауыты (бұдан әрі - ПМХЗ) және ПетроҚазақстанОйлПродактс (бұдан әрі - ГЖОП).

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ҚМГ) "ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг" АҚ еншілес компаниялары арқылы АМӨЗ-де 99,49% үлесін, ГЖОП-та 49,7% үлесін және ПМХЗ-да мүліктік кешенінің меншікті иесі және 58% акцияларының иесі болып табылатын "Refinery Company RT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін иеленген, ПМХЗ-тың қалған 42% акциялары - "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-та.

Республика аумағында жоғарыда көрсетілген үш МӨЗ-ден басқа өнімділігі жылына 10-нан 600 мың тоннаға дейін мұнай өңдеуге лицензиясы бар 32 шағын МӨЗ жұмыс істеп тұр.

Бұл ретте, шағын-МӨЗ шығаратын барлық өнім талап етілетін стандартқа сәйкес келмегендіктен, қайталама немесе тереңдетіп өңдеу үшін жартылай фабрикат, шикізат болып табылады. Негізінен шағын-МӨЗ шығаратын барлық өнім республикадан тыс экспортталады.

2009 жылы нақты мұнай өңдеу көлемі 2008 жылғы деңгеймен салыстырғанда 12,1 млн.тоннаны немесе 98,8 % құрады.

Республикада 2000 және 2009 жылдары мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тұтыну өндіріс құрылымы мен мұнай өнімдерін тұтыну арасындағы белгілі бір дисбалансты көрсетті (3-кесте).

3-кесте

2000 және 2009 жылдардағы мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру мен тұтынуды салыстыру

МЫҢ ТОННА

Атауы	2000 ж.		2009 ж.	
	Тұтыну	Өндіру	Тұтыну	Өндіру
Бензин	1833,0	1266,1	3412,0	2589,1
Дизотын	2383,0	1971,4	3582,8	3795,3
Керосин	183,0	60,1	415,8	373,5
Мазут	1180,0	2142,1	1252,2	3237,0
Жиыны	5579,0	5439,7	8662,8	9994,9

Авиаотынды тұтыну оны өндіруден артады, тапшылық (импорт) 47%-ға дейінгі кұрайды. Автомобиль бензинін өндіру және тұтыну жағдайы да осылай қалыптасты, мұнда да өндіру тапшылығының өсуі орын алды.

Жалпы автомобиль бензинін тұтынудың 70%-ы жоғары октанды бензинге тиесілі, соңғы жылдары оны тұтыну өсуде, бұл ретте 35%-ы импорт есебінен жабылады.

Мұнай өнімдерін өндіру тапшылығы мен оның импортының көлемі жұмыс істеп тұрған МӨЗ-дердің Қазақстанның ішкі тұтынуын қанағаттандыра алмайтын жалпы жеткіліксіз технологиялық жай-күйін сипаттайды. Атырау және Шымкент МӨЗ-дің технологиялық мүмкіндіктері мұнайды тереңдетіп өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді - мазут пен вакуумдық газойлды өндіру үлесі жоғары.

Қазақстан МӨЗ-дерінде ресей мұнайын өңдеу көлемі 50%-ды құрайды - ПМХЗ негізінен Ресей Федерациясынан жеткізілетін мұнайды өңдеуде, ПКӨП 50%-ға дейін ресей мұнайын өңдейді.

МӨЗ-дерге ресейлік мұнай жеткізілімдерінің басым болуының себептері - қазақстандық мұнайды тасымалдаудың отандық инфрақұрылымының дамымағандығы. Мысалы, ПМХЗ-ға мұнай кеңес уақытында салынған және ресей мұнайының жүктемесіне бағдарланған мұнай құбыры бойынша жеткізіледі. Сонымен бірге, Қазақстанның Батыс өңірінен Павлодар зауытына қарай мұнай құбырын салу экономикалық жағынан тиімсіз болып табылады.

Қазіргі уақытта өндірілетін көмірсутек шикізатының негізгі көлемі экспортқа жіберіледі және отын нұсқасы бойынша пайдаланылады, көмірсутек шикізатын бастапқы өңдеу мұнай-химия шикізатын одан әрі шығармай, мұнай мен газды сепарациялауға негізделген.

Негізгі өндірістік қорлары 30 жыл бұрын құрылған мұнай-химия кәсіпорындары тауарлық өнімді шектелген көлемдерде (полистирол, полипропилен) немесе сырттан әкелінген шикізатпен (Ресей Федерациясы — синтетикалық каучуктар, қоспалардың негізгі компоненттері және т.б.) шығарып отырды.

Сонымен бірге, мұнай-химия өндірістерін құру үшін жеткілікті шикізат ресурстары бар: Қазақстан Республикасының түрлі өңірлеріндегі кен орындарын (Теңіз, Каспий) игерген кезде газдың жалпы көлемінің 13-тен 16 %-ға дейін және одан жоғары этан құрамының фракциялары болатын табиғи және ілеспе газдар, бұлар негізгі мұнай-химия өнімі - этиленді өндіру үшін негізгі экономикалық және технологиялық басымдық болып табылады. Жол маркалы битумдарды өндіру үшін Батыс Қазақстанның кен орындарынан өндірілетін мұнай. Мысалы, Қаражанбас кен орнындағы мұнайдың тұтқырлығы жоғары - 20⁰С кезінде 0,9371г/тек.см, қату температурасы төмен, парафині аз (2,22 % масс.), құрамындағы шайыр мен асфальтені жоғары (тиісінше 13,28 % масс, 1,86 % масс), бұл жоғары сапалы жол битумын өндіру үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жағар майлар өндірісі жоқ және Шымкент МӨЗ-ді жаңғырту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде базалық майлар өндірісін құру жөнінде техникалық шешімдер әзірленуде. "High Industrial Lubricants & Liquids Corporation" ЖШС компаниясы (майларды араластыру және өлшеп орау зауыты), сонымен бірге гидрокрекинг қондырғысын салумен және ПКОП шикізатынан (вакуумдық газойль) базалық майлар өндірісінің толық циклымен зауытты кеңейту мүмкіндігін зерттеуде (5 км орналасқан).

Республиканың мұнай-газ кешені өндіретін газ, негізінен ілеспе газ болып табылады, сондықтан кейіннен тұтынушылар мен кәсіпорындарға жеткізілетін тауарлық газ жасау үшін оны газ өңдеу зауыттарында өңдеу талап етіледі. Республикада жалпы өңдеу қуаты жылына 18,9 млрд. тек. м газ өңдейтін үш газ өңдеу зауыты (бұдан әрі - ГӨЗ) бар:

Қазақ газ өңдеу зауыты (бұдан әрі - ҚазГӨЗ);

Теңіз газ өңдеу зауыты (бұдан әрі - ТГӨЗ);

Жаңажол газ өңдеу зауыты (бұдан әрі - ЖГӨЗ).

Газ өндіру көлемі аздау кен орындарында газды тауарлық күйге дейін дайындау газды кешенді дайындау қондырғыларында (бұдан әрі - ГКДК) жүргізіледі.

2006 жылдан бастап 2009 жылға дейінгі аралықта мұнай өндірісі 2006 жылғы 64,9 млн. тоннадан 2009 жылғы 76,5 млн. тоннаға дейін және газ өндірісі тиісінше 27,0-ден 36,0 млрд. текше м-ге ұлғайтылған кезде, газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды орындау жағылатын газ көлемін 3,1 -ден 1,7 млрд. текше м-ге дейін, яғни 1,4 млрд. тек.м қысқартуға мүмкіндік туғызды. Бұл ретте кәдеге жаратылған газдың көлемі 23,9 млрд. текше метрден 34,3 млрд. текше метрге дейін, яғни 10,4 млрд. текше м ұлғайды.

Республиканың жер қойнауын пайдаланушылары бекітілген Ілеспе газды кәдеге жарату бағдарламаларын орындауға тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

Жалпы алғанда, жер қойнауын пайдаланушылардың газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды орындауы қуаты 256 МВт-тен астам 12 газ турбиналық электр станциясын (ГТЭС), газды кешенді кәдеге жаратудың 12 қондырғысын және жылына 8 млрд. текше м газ өңдеуге және 350 мың тоннадан астам сұйытылған газ шығаруға арналған газ өңдеу зауытын қамтитын кәдеге жаратылатын газды пайдалану жөніндегі жаңа инфрақұрылым құруға ықпал етті.

Тарихи қалыптасқан магистралдық және газ тарту құбырлары жүйесіне сәйкес табиғи газ республиканың 14 облысының 9-ына жеткізіледі. Қазақстан Республикасының Үкіметі республиканың елді мекендерін газдандыру жөніндегі іс-шараларға баса назар аударып отыр. 2006 - 2009 жылдары осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 15 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді. Қабылданған шаралар Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 80 елді мекенін, сондай-ақ Қызылорда қаласындағы 46 көпқабатты үй мен 4 мың жеке үйді табиғи газбен қамтуға мүмкіндік берді.

Газдандыру жөніндегі белсенді жұмыстар жергілікті деңгейде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. 2007-2009 жылдары осы мақсаттарға 30 млрд. теңгеден астам қаражат бөлініп, 400 мыңдай адам тұратын тұрғын үйлер газдандырылды.

Мұнай мен газды тасымалдау

Мұнай-газ саласының серпінді дамуы Қазақстанның бүкіл экономикасы үшін өте маңызды. Бүгінгі таңда мұнай-газ саласы Қазақстан Республикасы экономикасының құрылымында айқындалушы роль атқарады. Статистика органдарының оперативтік деректері бойынша 2009 жылы ІЖӨ-дегі мұнай-газ саласының үлесі 20,8 %-ды, ал 2008 жылғы ресми есеп бойынша - 21,8%-ды құрады.

Мұнай-газ компанияларынан түсетін түсімдер 2009 жылдан бастап енгізілген салық жеңілдіктеріне қарамастан, мемлекеттік бюджетте елеулі көлемді құрайды. Атап айтқанда, мемлекеттік кірістердегі саланың үлесі 1531,2 млрд. теңгені немесе 2008 жылмен салыстырғанда 1,2 пайыздық тармаққа ұлғайтылып 40,5 %-ды құрады. Мұнай-газ секторынан Ұлттық қорға түсетін төлемдер алдыңғы жылдағыдай 1371,4 млрд. теңгені немесе мемлекеттік кірістердегі 36,3%-ды құрады.

2009 жылы минералдық-шикізаттық кешеніндегі инвестициялар көлемі 3,2 трлн. теңгені (21,4 млрд. АҚШ долл.) құрады.

Көмірсутектерді өндіру көлемдерінің ұлғаюы мұнай-газ тасымалдау инфрақұрылымын қарқынды дамытуды талап етеді. Жұмыс істеп жатқан қазақстандық мұнайдың негізгі экспорттық бағыттары Атырау - Самара құбыры, Каспий Құбыр Консорциумы құбыры (бұдан әрі - КҚК), Атасу - Алашанькоу құбыры, Ақтау порты болып табылады.

2009 жылы қазақстандық мұнайдың неғұрлым үлкен көлемі КҚК мұнай құбыры бойынша - 27,5 млн. тонна және Атырау-Самара құбыры бойынша - 17,5 млн. тонна экспортталды. Қытай бағытында - 7,7 млн. тонна тасымалданды, оның 6,2 млн. тоннасы қазақстандық мұнай. Теңіз экспорты - 11,1 млн. тоннаны құрады, темір жол бойынша 4 млн. тонна тиелді. Орынбор ГӨЗ-ге 1,8 млн. тонна газ конденсаты жеткізілді. 2009 жылы Қазақстан аумағы бойынша ҚХР-ға ресей мұнайының транзиті 1,5 млн. тоннаны құрады, 2010 жылы 2,0 млн. тоннаға жоспарланып отыр.

Жаңа экспорт жүйелерін құру және қолда барларын кеңейту өзекті жұмыс болып табылады. 2009 жылы КҚК акционерлері жүйені кезең-кезеңмен кеңейту туралы шешімді қабылдады, Қазақстан Каспий Тасымалдау Жүйесін құру жөніндегі жұмыс, сондай-ақ Қазақстан-Қытай мұнай құбыры жобасының 2-ші кезеңін салу жалғасуда.

2009 жылдың ішінде қазақстандық газ экспортының көлемі 7,0 млрд. тек. м құрады, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша газдың халықаралық транзитінің көлемі 73,3 млрд. тек. м, оның ішінде ресейлік газ - 48,0 млрд. тек. м, түрікмен газы - 11,9 млрд. тек. м, өзбек газы - 13,4 млрд. тек. м құрады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша газды тасымалдау және транзиті "Орта Азия - Орталық" (орта азия газы), "Бұхара газды өңірі - Ташкент-Бішкек-Алматы" (орта азия газы), "Қазақстан-Қытай" газ құбырының 1-ші учаскесі (орта азия газы), "Орынбор-Новопсков" (ресей газы), "Бұхара-Орал" (ресей газы) негізгі магистралдық газ құбырлары бойынша жүзеге асырылады.

2009 жылға дейін транзит көлемі жыл сайын шамамен 100 млрд. тек. м құрады. 2009 жылы транзит көлемінің төмендеуі Түрікменстан Республикасы мен "Газпром" ААҚ арасындағы экономикалық келіспеушіліктердің салдарынан 2009 жылдың сәуірінен бастап желтоқсанға дейін "Орта Азия - Орталық" магистралдық газ құбыры бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы түрікмен газын тасымалдаудың тоқтатылуына байланысты болды.

"Орта Азия — Орталық", "Мақат - Солтүстік Кавказ" және "Окарем - Бейнеу" магистралдық газ құбырларын дамытуға әзірленген инвестициялардың негіздемесі шеңберінде Түрікменстан мен Өзбекстаннан өсіп отырған табиғи газ көлемдерін тасымалдауды қамтамасыз ету мақсатында 2007-2008 жылдарда "Орта Азия - Орталық" - 4 магистралдық газ құбырының жаңа учаскелерінің, "Орта Азия - Орталық" лупингінің құрылысы және "Опорная" компрессорлық станциясындағы жаңа турбокомпрессорлық цех-4 құрылысы аяқталды, бұл "Орта Азия - Орталық" магистралдық газ құбырының бүкіл жүйесінің өнімділігін жылына 60 млрд. текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстандық үлес бойынша ғана жер қойнауын пайдалану жобаларында қалыптасатын сұраныс 16-18 млрд. АҚШ долл. құрайды, шамамен алғанда, оның 25% - тауарлар, 75% - жұмыстар мен қызметтер, оның ішінде құрылыс жұмыстары. Қазақстанда тауарларға, қызметтер мен еңбекке ең ірі тапсырыс берушілер мұнай

компаниялары. 2009 жылы есеп берген мұнай-газ саласындағы өндіруші компаниялар 450 млрд. теңгеден астам сомаға, ал 2008 жылы - 802 млрд. теңгеден астам сомаға тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алды.

Әлемдік энергетикалық нарық бағаларының түсу кезеңіне кіргеніне бір жыл өткеннен кейін де, Қазақстан өндіру жобаларының тұрақты дамуын көрсетуде, ірі де, шағын да компаниялар өндірісті ұлғайтуда. Көрсеткіштерге қарағанда, ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында да шетелдік инвестициялар ағыны жалғасып, тиісті төлем қабілеті бар сұранысты қалыптастыруда. Орта Азия елдеріне салынған шетелдік инвестициялардың әрбір 5 доллардың 4-еуі Қазақстанның үлесіне келеді. Әртүрлі бағалаулар бойынша тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан экономикасына барлық көздерден 60 млрд. доллардан астам шетелдік капитал жұмсалды. Шетелдік инвестициялар ағыны жыл сайын өсуде, бұл Қазақстан экономикасының өсуін және дамуын қамтамасыз етеді. Шетелдік инвестициялардың шамамен 55 % өндіруші өнеркәсіпке, атап айтқанда көмірсутек кен орындарын игеруге жіберілді.

3.2. Саланың мықты және осал жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау SWOT - мұнай-газ саласының талдауы

Ескерту. 3.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 370 қаулысымен.

Мұнай-газ саласының жағдайын талдау оның мықты және осал жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтауға мүмкіндік тудырды.

<p>Мықты жақтары</p> <p>Саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін және экономикалық дамудың жоғары қарқынын қолдауға ықпал ететін Қазақстан Республикасының серпінді әрі конструктивтік ішкі және сыртқы саясаты.</p> <p>Қолайлы инвестициялық климат, шетелдік инвесторлардың Қазақстан Республикасына келуге дайын болуы.</p> <p>Инвестициялық белсенділіктің жоғары деңгейі.</p>	<p>Осал жақтары</p> <p>Күрделі гидрологиялық және климаттық жағдайлар.</p> <p>Тарихи ластану, ілеспе мұнайлы газды және оның құрамдас бөліктерін (күкірт) кәдеге жарату проблемалары.</p> <p>Негізгі әлемдік нарықтардан қашықтық.</p> <p>Еуропаның және үшінші елдердің нарықтарына шығу үшін транзиттік елдерге тәуелді болу.</p> <p>Жобалардың жоғары қаржы сыйымдылығы мен қаржы нарықтарындағы дағдарыс салдарынан инвестициялық ресурстардың тапшылығы.</p> <p>Мұнай-газ құбырларының, мұнай өңдеу зауыттарының негізгі қорларының әбден тозуы.</p> <p>Жұмыс істеп тұрған МӨЗ-дің ескірген жабдықтары, мұнай өңдеу тереңдігінің төмендігі және шығарылатын мұнай өнімдерінің еуростандарттарға сәйкес келмеуі.</p> <p>Ресей мұнайының жеткізілімдеріне тәуелді болу.</p> <p>Мұнай-газ кен орындарын игерудегі ұлттық компанияның қатысу үлесінің төмендігі.</p> <p>Ішкі нарықтың солтүстік және орталық аймақтарын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін қажетті дамыған газ-көлік инфрақұрылымының болмауы.</p>
--	--

<p>Бай табиғи минералдық-шикізаттық ресурстар және тереңдетіп өңдеу үшін оның экономикалық тартымды құрамы. Азия мен Еуропа нарықтарын біріктіретін интеграцияланған мұнай-газ тасымалдау инфрақұрылымының болуы.</p> <p>Жаңа мұнай-газ тасымалдау қуаттарын дамыту жөніндегі әлеует.</p> <p>Жер қойнауын пайдалану саласындағы дамыған заң шығару базасы.</p> <p>Жер қойнауын пайдалануды реттеудің қалыптасқан келісімшарттық жүйесі.</p> <p>Мұнай газ саласында сатылай интеграцияланған, оның ішінде ҚМГ және еншілес компаниялары тобы атынан инфрақұрылымдық құрылымдардың болуы.</p> <p>Мемлекеттің қолдауы.</p>	<p>Батыс өңірлерден өз газын жеткізетін газ құбырының болмауы салдарынан Өзбекстан мен Ресейден табиғи газ жеткізілімдеріне тәуелді болу.</p> <p>Республиканың газ саласының тиімді дамуын қамтамасыз ететін жеткілікті заң шығару базасының болмауы.</p> <p>Республиканың өңірлерін газдандыру жобаларын бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі.</p> <p>Жұмыстарды қаржыландыру және газ тасымалдау желілеріне қызмет көрсету бойынша өңірлік атқарушы органдарды бюджетпен қамтамасыз ету жөніндегі нақты бағдарламаның, сондай-ақ халық пен заңды тұлғаларды газбен жабдықтауды қамту аймағын кеңейту жөніндегі жұмыстарды қаржыландырудың болмауы.</p> <p>Қазақстан экономикасында өндіру және табиғи газды пайдалану технологияларын (көмір қабаттарынан метан шығару, ілеспе газды кәдеге жарату, көлікті газға ауыстыру және т.б.) кеңейту бойынша заңнамамен белгіленген салық жеңілдіктерінің болмауы.</p> <p>Жер қойнауын пайдаланушы үшін тартымды экспорттық жеткізілімдер болған жағдайда, мұнай-химия өндірісі үшін қажетті газ көлемдерімен қамтамасыз ету қиындықтары.</p> <p>Қазақстандық газды үшінші елдерге тасымалдау үшін ресей газ-көлік жүйесіне тең қол жеткізу және қазақстандық газға әділ нарықтық бағаны белгілеу бойынша "Газпром" ААҚ-пен келіспеушілік. Қазақстандық мұнай-химия өнімінің түпкілікті бағасында тасымалдау құрамының елеулі үлесі.</p>
<p>Мүмкіндіктері</p> <p>Дамып келе жатқан елдердегі экономикалық өсудің қалпына келуі энергия тасығыштарға сұраныстың көмірсутектердің жаңа қорларының молаюынан асып түсу үрдісін тудырады.</p> <p>Көмірсутек шикізатын іздеуге бірқатар перспективті объектілердің болуы.</p> <p>Әлемдік көмірсутек ресурстары қорларының шектеулілігі.</p> <p>Ірі әлемдік мұнай өндірушілердің бағалардың экономикалық тұрғыдан дәлелді деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылуы.</p> <p>Өртүрлі көлік түрлері, мұнай-химия өндірісі үшін ресурс ретінде көмірсутектерге жоғары сұраныс.</p> <p>Өңірлік халықаралық нарықта (Орталық және Шығыс Азия) мұнай-химия өніміне, оның ішінде off-take жеткізілімдеріне болжамды сұраныстың болуы.</p> <p>Тұтыну тауарларын қоса алғанда, қосымша құны жоғары өнімді шығару.</p> <p>Каспий өңірімен (РФ, Түрікменстан, Өзірбайжан, Иран) интеграциялану.</p>	<p>Қауіптері</p> <p>Техногендік авариялар тәуекелі. Каспийдің экологиялық сезімтал аймағында мұнай өндіру.</p> <p>Жоғары қойнауқаттық қысым және мұнайдағы күкіртсутегінің жоғары құрамы. Кен орындарын ұтымсыз игеру, жер қойнауын пайдаланушылардың бекітілген технологиялық құжаттардың талаптарын орындамауы.</p> <p>Транзиттік елдер тарапынан мұнай мен газ транзитіне қатысты саясаты мен тарифінің өзгеру ықтималдығы.</p> <p>Жобаларды іске асыру мерзімдерін кідірту және олардың құнының қымбаттауы.</p> <p>Орта азиялық газ транзиті көлемдерінің төмендеуі. ҚР аумағын айналып өтумен газ тасымалдау жобаларын дамыту.</p> <p>Саланың шикізаттық және отындық бағытта дамуын сақтау.</p> <p>Теңіз кен орындары көмірсутектерін игеру мен жағадағы инфрақұрылымды дамыту тәсілдеріндегі теңгерімсіздік.</p> <p>Көрші елдерде (Өзірбайжан, Ресей) теңіз жобалары саласындағы артық қуаттардың және жинақталған үлкен тәжірибенің болуы, бұл олардың бәсекелестік артықшылықтарын күшейтеді.</p>

<p>Халықаралық санкция алынған кезде көмірсутектер экспортында Иранның аумағын пайдалану.</p> <p>Қытайдың батыс өңірлерінің серпінді даму бағдарламасына қатысу мүмкіндігі.</p> <p>Қазақстандық тауарлар мен қызметтердің жеткізілімін ұлғайту, Қазақстанның халқын жұмыспен қамтамасыз ету.</p> <p>Шектес - машина жасау, құрылыс индустриясы, сервистік компаниялар, теңіз флоты салаларын дамыту және жаңғырту.</p>	<p>Ресейден мұнай өнімдері жеткізілімдерінің шектелуі немесе осындай жеткізілімдерге қатысты экспорттық баж алу.</p> <p>Өзбекстан мен Ресейден жеткізілімдердің шектелуі салдарынан болуы мүмкін ықтимал газ тапшылығы.</p> <p>Жеке инвесторлардың салада шоғырлануын күшейту.</p> <p>Кадрлардың, техникалық персоналдың, орта және жоғары буындағы инженер мамандардың жетіспеушілігі.</p>
--	---

3.3. Саланы дамытудың негізгі проблемалары, үрдістері мен алғышарттары

Ескерту. 3.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 370 қаулысымен.

Мұнай-газ саласында бірқатар шешілмеген проблемалар бар, атап айтқанда:

1. теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кеңейту жобаларының шешімдерін қабылдаудың орындылығы;
2. игерудің соңғы кезеңіндегі, негізінен БӨ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттары шеңберінде бірқатар кен орындары бойынша пайдалануды жалғастырудың экономикалық тиімділігі;
3. ресурстық базаны көмірсутек шикізатының жаңа кен орындарымен толықтырудың жоқтығы, республиканың дайындалған құрылымдарының қоры бүгінгі күні шын мәнінде таусылды;
4. жоғары технологиялық процестер және көмірсутек шикізатын тереңдетіп өңдеу бойынша мұнай өңдеу саласындағы қанағаттанғысыз жағдай;
5. жоғары қосылған құнмен бәсекеге қабілетті экспорттық мұнай-химия өнімін құру бағытында саланы әртараптандыру;
6. мұнай-газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту үшін жұмыс істеп тұрған экспорттық жүйелерді кеңейту және жаңаларын құру.

Мұнай мен газ өндіру Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кеңейту жобаларының шешімдерін қабылдаудың орындылығы

Өндірудің одан әрі өсуі Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын қарқынды игеруге, Қашаған кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игерудің басталуына байланысты. Техникалық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қарау талап етіледі. Жоба операторларымен бірлесе отырып, көрсетілген кен орындарында жаңа ірі кеңейтулер үшін мүмкіндіктерді зерттеу жалғасуда.

Теңіз кен орнын одан әрі игеруді дамыту үшін осы әсер ету әдісінің шынайы нәтижелерін алу және газды кері айдау көлемдері мен мөлшерлері туралы сараланған

шешім қабылдау мүмкіндігін алу үшін өндіру және айдау ұңғымалары қорының, олардың жұмыс тәртібінің, газды қайта айдау технологиялық жобалық құжатына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстарды жандандыру талап етіледі. Бұған "Теңізшевройл" Екінші Буын Зауытының өнімділігі мен жүктелуі және шығарылатын мұнай қорларын іріктеу дәрежесі байланысты болады.

ТШО шикі мұнайды кері айдау технологиясын қолданып, өндірісті одан әрі кеңейту нұсқаларын зерттеуде. Негізгі мақсаты - мұнай өндірудің жалпы көлемін ұлғайтумен, шикі мұнайды тәжірибелік кері айдаудың және оның Теңіздің платформалық бөлігінде таралудың табысты өтуіне негізделген, өндірістік қуаттардың одан әрі өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Жобаны іске асырудың орындылығы туралы түпкілікті шешім жобалық шешімдерді негіздеу жөніндегі құжаттар пакетінің негізінде жобаның техникалық және экономикалық көрсеткіштерін талдаудан кейін қабылданатын болады.

Зауытты салуға арналған шығындар (мұнайды сепарациялау және бастапқы өңдеу, газ айдау объектілері), ұңғымаларды бұрғылауға және ұңғымаларға арналған алаңдарды, сондай-ақ сағалық қысымды төмендету объектілерін салуға қосымша шығындар талап етіледі.

Қарашығанақ кен орнын игеру перспективалары кеңейтуді талап ететін жер үсті құрылыстарының өнімділігі мен жай-күйіне тығыз байланысты. Сондай-ақ өндіруші және газ айдаушы ұңғымалар қорын ұлғайту және ұңғымалар жұмысының технологиялық режимін оңтайландыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу сұйық көмірсутек өндірісінің жаңадан өсу мүмкіндігі болып табылады.

1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі - ӨБТК) шарттарына сәйкес кен орнын игерудің келесі сатысын - 3-кезеңнің іске асырылуы 2М кезеңінде қол жеткізілгендерді одан әрі өсіру және газдың артық көлемдерін кәдеге жарату мақсатымен жұмыстар бағдарламасын орындауды көздейді.

3-кезеңді іске асыру нұсқасын таңдаған кездегі жалпы стратегия коллектор мен өндірістік объектілердің мүмкіндіктерін, экспорттың мүмкіндіктерін жобаның экологиялық тартымдылығын ескере отырып, сұйық көмірсутектерінің жеткізілімдері көлемін барынша көбейтумен шарттасады.

Қазақстан Республикасының өндірілетін газдың өсе түсетін көлемдерін тиімді кәдеге жарату мәселесін шешуі 3-кезеңді іске асырудың негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты, 2007 жылғы 31 мамырда Мердігер (КПО б.в.) мен "ҚазРосГаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында ұзақ мерзімді газды сатып алу-сату шарты жасалды.

2006 жылы Мердігер Қарашығанақ жобасының 3-кезеңін іске асыру тұжырымдамаларын зерттеуге кірісті. Қазіргі уақытта, 3-кезеңге қатысты келіссөздер

жалғасуда, Қарашығанақ кен орнын игерудің 3-кезеңі тұжырымдамасына техникалық шолу жүргізу көзделуде.

Қашаған кен орнын игерудің 2-кезеңі Базалық Жобалау сатысында, оны 2011 жылдың ортасына қарай аяқтау жоспарлануда. 2-кезең тәулігіне 1 млн. баррельге дейін (жылына 46 млн.т.) өндіру деңгейіне қол жеткізу үшін тәулігіне 275 мың баррельден екі кезекті қамтиды. Сонымен бірге, Солтүстік Каспий жобасының Операторы (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.) кен орнын игерудің 2-кезеңі құнының шығындарын төмендету және оның экономикалық тартымдылығын арттыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуде.

Қашаған кен орны көмірсутектерінің орасан мол қорларын әртүрлі компаниялардың күшімен, бірлесіп қана игеруге болады, сондықтан бұл кен орны бойынша әсер ету әдістері мен игеру тәсілдерін жете саралап әзірлеу қажет. Консорциум осы бағытта жұмыс жүргізуде.

Геофизикалық, петрофизикалық және физика-химиялық зерттеулердің, сондай-ақ қысқа мерзімді ұнғымаларды сынаудың, компьютерлік геологиялық-гидродинамикалық модельдеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып, түрлі компаниялардың мамандары жаңа Қашаған кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игерудің жаңа жобасын дайындады және ол мемлекеттік органдардың қарауында жатыр.

Жобаға сәйкес Қашаған кен орнының шығыс учаскесінде кен орнын кең ауқымды игеру үшін жобалық шешімдер қабылдау мақсатында ілеспе газды қайта айдау тиімділігін зерттеу және бағалау жөніндегі тәжірибелік-өнеркәсіптік жұмыстар жүргізу ұсынылады. Осы жоба іске асырылған жағдайда 2015 жылға қарай Қашаған кен орнын игеруді әрі қарай дамыту жолдары мен перспективалары туралы ақпарат пайда болады.

Қазақстанда мұнай өндіру болжамы мына 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

2014 жылға дейін мұнай және газ конденсатын өндіру көлемінің өсу үрдісі

Көрсеткіштің атауы	2009 ж. (нақты)	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
мұнай және газ конденсаты, млн. тонна	76,5	80,0	81,0	83,0	82,0	83,0

Бірқатар кен орындары бойынша, игерудің соңғы сатыларында, негізінен БӨ жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарының шеңберінде, пайдалануды жалғастырудың экономикалық тиімділігі

Экономикалық тұрғыдан игерудің соңғы сатыларына мынадай белгілер тән:

мұнай қорларын игеру үшін талап етілетін инвестициялардың басым бөлігі игерілін қойды - ұнғымалар бұрғыланды, жайластыру объектілері жұмыс істеуде;

қолда бар негізгі қорлар айтарлықтай физикалық тозу деңгейімен сипатталады және жаңа инвестицияларды талап етеді (дублер-ұңғымаларды бұрғылау, құбыр жүйесі мен өзге де жабдықтарды ауыстыру);

өндірудің тұрақты деңгейлерін қолдау үшін қабаттардың мұнай қайтарымын арттыру саласындағы жетістіктерді, сондай-ақ қабаттарды ашудың жаңа технологияларын (тік ұңғымаларды бұрғылау және екінші оқпандарды кесу) енгізуді дәлелдеу қажеттілігі туындайды;

кез келген технологиялық шешімдердің экологиялық қауіпсіздік факторының рөлі күшейеді.

Қолданыстағы салық кодексі Үкімет деңгейінде суланған, аз дебитті, қоры таусылған кен орындарын, тұтқырлығы жоғары көмірсутек шикізатының кен орындарын игеретін, сондай-ақ рентабельдігі төмен келісімшарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін төмен ставка белгілеу мүмкіндігін көздейді. Ауыр геологиялық сипаттағы кен орындары үшін төмендейтін ставкалардың қабылдануы игерудің соңғы сатыларындағы, ауыр өндіру жағдайларымен кен орындарын неғұрлым толық пайдалануға ынталандыратын болады.

Мұнай кен орындарын игерудің соңғы сатысының техникалық-экономикалық сипаттамасы қазіргі уақытта және жақын арадағы перспективада мұнай компаниялары үшін өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қол жеткізілген мұнай өндірісі деңгейлерін тұрақтандыру, сондай-ақ өндірістің шектес салаларындағы қызмет аясын кеңейту міндеттері өзекті міндеттер болып табылатынын көрсетті.

Игерудің соңғы сатылары үшін экологиялық проблемаларды шешудің маңызы зор болады. Бұл дамыған мұнай және мұнай өңдеу өндірісінің жоғары техногендік жүктемесіне, сондай-ақ пайда болған әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылымның жоғары тығыздығына байланысты. Осыған орай қолданылатын технологиялық шешімдерді кешенді бағалаудағы әдістемелік жолдарды айқындау қажеттілігі туындайды.

Тиісті қаржыландыру болған жағдайда:

кен орындарының нақты жағдайлары үшін мұнай қайтарымдығын арттыратын ағындарды қайтаратын технологияларды бейімдеу және енгізу;

тұтқырлығы жоғары және ауыр мұнайды жылыту әдісімен өндірудің жаңа жоғары тиімді жылыту әдісін негіздеу және енгізу;

кен орындарының алынуы қиын мұнай қорларын өндіру үшін қабаттарға газбен және су-газбен әсер ету технологияларын негіздеу және енгізу;

мұнай және газ ұңғымаларын күрделі жөндеу және бекіту сапасын арттыру;

мұнай және газ ұңғымаларындағы селективтік оқшаулау әдістері;

өнеркәсіптік құбырлардағы тоттанумен күресу;

мұнай қайтарымын арттыру, ұңғымалардың кенді аймағы бойынша, сүзгілік эксперименттер жүргізу бойынша мамандандырылған зертханалар құру жөніндегі жобалар сияқты мәселелерді шешу мүмкін болар еді.

Газ өндірісін ұлғайту негізінен жаңа және негізгі базалық: Қарашығанақ, Теңіз, Жанажол, Толқын және ҚМГ-ға тиесілі тағы бірқатар кәсіпорындарды, сондай-ақ Каспий қайраңы кен орындарын (Қашаған және т.б.) дамыту жолымен қамтамасыз етіледі. Өндірілетін газ негізінен ілеспе газ болып табылатындығын ескере отырып, тауарлық газды өндіру және шығару қарқыны мұнай өңдеу қарқынымен және кен орнын игеру бойынша қабылданған технологиялық шешімдермен (мысалы, газды кері айдау) айқындалады.

Болжам бойынша 2010 жылы республикадағы газ өндіру деңгейі шамамен 37,0 млрд. текше м, ал 2014 жылға қарай шамамен 41,0 млрд. текше м құрайтын болады.

Өз қажеттіліктеріне пайдаланатын газды, сондай-ақ кері айдау көлемдерін ескергенде, 2009 жылы тауарлы газды өндіру және шығару балансы және 2014 жылға дейін күтілетін болжамды көлемдер 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте

2014 жылға дейін тауарлық газды өндіру және өндірісінің
перспективалық балансы
млрд. текше м

Р/с №	Атауы	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж
1	Шикі газды өндіру, барлығы	36,0	37,0	43,6	44,8	40,5	41,0
2	Шикі газды пайдалану	16,3	14,5	16,4	15,9	17,9	14,4
	оның ішінде:						
1)	өзінің технологиялық қажеттіліктеріне, оның ішінде газды жағу	7,5	6,1	6,0	5,5	6,7	2,9
2)	қабатқа қайта айдау	8,8	8,4	10,4	10,4	11,2	11,5
3	Тауарлық газ өндірісі, оның ішінде	19,7	23,3	27,2	28,9	22,6	26,6
	таратылатын тауарлық құрғақ газ	15,6	20,0	23,6	25,3	18,2	21,4

Өндіру көлемдерінің болжамды өсуі минералдық-шикізаттық базаны уақытылы толықтыруға қатысты тиісті саясатты қалыптастыруды талап етеді. Ресурстық базаны көмірсутек шикізатының жаңа кенорындарымен толықтыру жоқ, республиканың дайындалған құрылымдарының қоры бүгінгі күні шын мәнінде таусылды.

Сонымен қатар, үлкен тереңдіктегі мұнай-газдылықтың ғылыми-негізделген болжамы және мұнайдың тұз үсті кешеніне көшу моделдері жоқ.

Жүргізілген зерттеулер барланған қорлардың және көмірсутек шикізатын өндірудің негізгі өсуін Каспий теңізі айдынында күткен жөн екенін көрсетті.

КТҚС игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының II кезеңіне сәйкес 2005 жылғы желтоқсанда ҚР Энергетика және

минералдық ресурстар министрлігі Каспий теңізінің қазақстандық секторы шегінде эксклюзивті емес геофизикалық зерттеулер арқылы мемлекеттік геологиялық зерттеу жүргізуді ұйымдастырды.

2006-2009 жылдары Каспий теңізінің қазақстандық секторының келісім-шарттық аумақтарынан тыс шектерде МОГТ-2Д эксклюзивтік емес сейсмикалық зерттеулер жүргізілді. Қазіргі уақытта толық еселі 8241,92 қума км көлемінде, атап айтқанда Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігінде 3241,795 қума км, оның ішінде: Шағала = 680,191 қума км; Бөбек = 47,488 қума км; Шаттық = 860,990 қума км; Мәдина = 525,625 қума км; III-P-2 = 768,301 қума км; Шолпан = 50,600 қума км; III-P-1 = 40,850 қума км; II-P-2 = 267,750 қума км; Маңғыстау облысының аумағына жанасып жатқан Каспий теңізінің қазақстандық секторының оңтүстік бөлігінде 5000,125 қума км . көлеміндегі жұмыстар аяқталды.

Қазіргі уақытта, Каспий теңізінің қазақстандық секторында ҚМГ "Н", Жамбыл, Жамбай, Құрманғазы, Түп-Қараған, Аташ және Жемчужина учаскелері бойынша геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Дархан, Шағала, Исатай, Абай, Жеңіс, Бөбек, Сәтпаев, Махамбет және басқа да учаскелер көмірсутек иірімдерін барлауға перспективтік объектілер болып бағаланады, олар бойынша ұлттық компания геологиялық барлау жұмыстарына дайындау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуде.

Жалпы, КТҚС-тегі мұнай мен газға перспективті құрылымдарының геологиялық қалыптасу шарттарын, сондай-ақ құрылықтағы оларға тектес кен орындарын басшылыққа ала отырып, жоғарыда аталған учаскелер негізінен мұнайлы болады деп болжануда.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлау келісімшарты мерзімін екі рет, әрбір кезеңі екі жылға дейінгі ұзақтықпен, ұзарту құқығымен алты жылға дейінгі мерзімге жасалады. Қалыптасқан әлемдік жұмыс тәжірибесі барлау жұмыстары басталып, бірінші коммерциялық мұнай алынғанға дейін 8-10 жыл өтетінін көрсетті. Осыған орай 8-10 жылдан кейін мұнай қорларының өсуін қамтамасыз ету үшін қазірдің өзінде көмірсутек шикізатын барлау үшін жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстарды өткізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру екі тәсілмен: конкурс өткізу жолымен және ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер жүргізу арқылы жүргізіледі. 2007 жылдың сәуірінен бастап конкурстар өткізудің тоқтатылуына байланысты көмірсутек шикізатының жаңа объектілеріне жер қойнауын пайдалану құқықтарын ұлттық компания ғана тікелей келіссөздер негізінде береді.

Дегенмен, жер қойнауын пайдалану құқығын алу конкурстары мына қағидаттардың орындалуын қамтамасыз етеді:

конкурс шарттарының ашықтығы (транспаренттік);

объектінің нарықтық бағасын айқындау;
 дәйекті негізді инвестициялық тәуекелдерді қабылдау;
 қол жеткізілген уағдаластықтарды сақтау;
 неғұрлым технологиялық және тәжірибелі жер қойнауын пайдаланушыларды тарту.

Геологиялық барлау жұмыстарын толығымен республикалық бюджет есебінен жүргізу орынсыз. Осыған орай барлау құқықтарын алуға арналған конкурстарды жүргізуге шектеулерді алып тастау қажет. Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушыларға ауыстыру жолымен мемлекет геологиялық тәуекелдерден босатылады.

Мұнай мен газды өңдеу

Жоғары технологиялық процестер мен көмірсутек шикізатын терең өңдеу бойынша мұнай өңдеу саласының қанағаттанарлықсыз жағдайы себебінен, қазақстандық зауыттардың көрсеткіштері озық мұнай өңдеуші кәсіпорындарының осы тектес көрсеткіштерінен айтарлықтай артта қалып отыр.

Бұл зауыттардың ең қарапайым конфигурациясымен, мұнай өңдеу тереңдігінің төмен болуымен, өнім ассортиментінің аз және сапасының төмен болуымен шарттасады, бұл жақын болашақта өзгеріп жатқан сапа стандарттарын қанағаттандырмайды.

Ресейден келетін мұнай жеткізілімдерінің тәуелділігіне байланысты негізінен ПМХЗ мен ПКОП-тың өндірістік қуаттарының толық жүктелмеуі мұнай өнімдерінің өндірісіне әсер етеді. Мұнайдың әлемдік бағаларына тәуелді жеткізілетін мұнайдың құны мұнай өнімдеріне ішкі бағалардың қалыптасуына әсер етеді.

2009 жылы нақты мұнай өндірісі мен мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін шығару және 2014 жылға дейінгі болжам б-кестеде көрсетілген.

б-кесте

2010 – 2014 ж.ж. кезеңіне арналған мұнай өңдеу, мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін өндіруі болжамы және Қазақстан Республикасының мұнай өнімдері ішкі нарығының өз өндірісі есебінен қамтамасыз ету деңгейі
 МЫҢ ТОННА

Атауы	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Мұнай өңдеу, оның ішінде:	13099,4	13100	13300	13 867	14650
Атырау МӨЗ	4 300	4 471	4 423	4 429	4800
Павлодар МӨЗ	4 800	4 649	5 037	4 800	5000
Шымкент МӨЗ	4 583	4 605	4 753	4 638	4800
Автобензин	2 894	2 785	2 854	2 693	2823
Дизель отыны	4 028	4 132	4 129	3 971	4117
Авиакеросин	491	387	421	420	422
Мазут	3 771	3 660	3 573	3 180	3000
Ішкі нарықтың өз өндірісі есебінен мұнай өнімдерімен қамтамасыз етілу деңгейі					
Автобензин	78 %	75 %	74 %	62 %	61 %

Дизель отыны	98 %	93 %	91 %	80 %	82 %
Авиакеросин	94 %	77 %	56 %	72 %	72 %

МӨЗ-дің мұнай өнімдерін өндірудің болжамдық балансы ПМХЗ-ні жаңғырту жобасының алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесі (бұдан әрі - ТЭН), ПКӨП МӨЗ-ді жаңғырту жобасының ТЭН-і, АМӨЗ-ді жаңғырту жобасының ТЭН-і және жобалау-сметалық құжаттамасының негізінде орындалды. МӨЗ-дерді дамытудың инвестициялық жобаларын іске асыру кезеңінде, мұнай өнімдерін өндіру мен тұтынудың жыл сайынғы нақты негізінде Бағдарламаға тиісінше түзетулер енгізу қажет.

Республиканың барлық МӨЗ-дері үшін мұнай өңдеу тереңдігін ұлғайтуға, қалдықты ауыр мұнай өнімдерінен жоғары сапалы мотор отынын өңдеуге, сондай-ақ одан әрі өндеп, бәсекелесе алатын мұнай-химия өнімін алу үшін шикізат негізін құрайтын экспорттық мұнай-химия өнімін шығаруға бағытталған кеңейту және жаңғырту жобалары жоспарланған.

Сонымен қатар, бір мезгілде шағын мұнай-газ кен орындарын игеру кезінде газ тазалайтын арнайы қондырғыларды құрып, жұмыс істеп жатқан газ өңдеу зауыттарын (бұдан әрі - ГӨЗ) кеңейту талап етіледі.

7-кесте

Жұмыс істеп тұрған және жаңа газ өңдеу зауыттары мен газды кешенді дайындау қондырғыларының қуаттарын ұлғайту серпіні

Гөз өңдеу зауыттары (ГӨЗ) және ілеспе газды кешенді дайындау қондырғылары (ГКДК)	Күтілетін енгізу мерзімі	Жылына қуаты				
		Жұмыс істеу бағыты:		Жаңалары:		
		Газ өңдеу , млн. тек. м	Сұйытылған газ шығару, мың тонна	Газ өңдеу , млн. тек. м	Сұйытылған газ шығару, мың тонна	
Газ өңдеу зауыттары						
1 ҚазГӨЗ.	-	2900	110	-	-	
2 Теңіз ГӨЗ	-	12000	1150	-	-	
3 ЖГӨЗ (3-зауыт) II - кезек	2012 ж.	4000	200	4000	280	
4 Қашаған ГӨЗ	I-кезек	2013 ж.	-	-	3 000	500
5 Боранкөл ГӨЗ			-	-	3 000	140
ГӨЗ бойынша жиыны		18 900	1460	10 000	920	
Газды кешенді дайындау қондырғылары						
1 "Амангелді Газ" ЖШС		700	-	-	-	
2 "ҚазГерМұнай" ЖШС		500	90	-	-	
3 "Торғай Петролеум" АҚ		150	50			
4 Басқа кен орындарында	2012 ж.	-	-	1550	320	
Қондырғылар бойынша жиыны		1350	140	1550	320	
ГӨЗ бен ГКДК		20250	1 600	11550	1240	

Газды кәдеге жарату бағдарламасы шеңберінде республиканың жер қойнауын пайдаланушылары сұйытылған газды кешенді дайындау қондырғысында шығарады. Қазақстанда сұйытылған көмірсутекті газ үш ГӨЗ-де - Теңіз, Қазақ, Жана жол газ өңдеу зауытында, үш мұнай өңдеу зауыттарында - ПКОП, ПМХЗ, АМӨЗ-де шығарылады.

Мұнай-газ өңдеу зауыттарының 2009 жылы сұйытылған газ шығару, СКСТ экспортты мен ішкі нарыққа жеткізілімдерінің серпіні және 2014 жылға дейінгі болжамы 8-кестеде келтірілген:

8-кесте

2009 жылғы сұйытылған газ өндірісінің үрдісі және 2014 жылға дейінгі болжамы, мың тонна

Атауы	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
ҚР ГӨЗ	1443	1636	1662	1737	1935	1986
Теңізшевройл ГӨЗ	1157,3	1256	1282	1247	1260	1280
Жаңажол ГӨЗ	129,0	150	180	250	270	300
ҚазГӨЗ	92,3	100	100	100	120	120
Қазгермұнай ГКДҚ	55,3	80	100	140	100	100
Торғай-Петролеум ГКДҚ	8,8	50	80	80	80	80
АГӨЗ	-	5	6	5	5	6
Жайықмұнай	-	-	14,5	90,2	100	100
ҚР МӨЗ	382	409	404	413	365	364
ПМХЗ	237,0	254	254	263	210	196
ПКОП	137,0	142	142	141	139	144
АМӨЗ	8,0	13	8	9	16	24
Сұйытылған газ өндірісінің барлығы	1825	2045	2066	2150	2300	2350
Сұйытылған газды ішкі нарыққа жеткізу	520	520	520	550	690	700

Жүргізілген зерттеулер бәсекеге қабілетті, қосылған құны жоғары экспорттық мұнай-химия өнімін шығару бағытында саланы әртараптандыруға мүмкіндіктердің бар екенін көрсетті.

Сондықтан, көмірсутек шикізатын терең өңдеу жөніндегі толық технологиялық циклді құру және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту, отандық нарықты базалық мұнай-химия өнімімен толықтыру, сондай-ақ экспортқа бәсекеге қабілеті бар қазақстандық өнімді жеткізу үшін әзірленген мұнай-химия өндірістерін құру инвестициялық жобаларын және барлық МӨЗ-дерді жаңғыртудың инвестициялық жобаларын іске асыру жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін табысты салуды қамтамасыз ететін бірқатар айқын басымдықтары бар, оның негізгі аргументтері мыналар:

1) жеткілікті шикізат ресурстары (мұнай мен газ) бар;

2) Қазақстан Республикасының түрлі өңірлеріндегі (Теңіз, Каспий) кен орындарын игерудің этан құрамды фракциясы газдың жалпы көлемінің 13-тен 16 %-ға дейінгі құрайтын табиғи және ілеспе газдары пайдаланатын болады, бұл базалық мұнай-химия өнімін - этилен өндірісі үшін негізгі экономикалық және технологиялық басымдық болып табылады;

3) этиленді мұнай-химия өнімдерінің кең спектрін өндіру үшін пайдалануға болады, бірақ экономикалық жағынан түрлі маркалы полиэтилен мен полипропилен, стирол мен полистирол, этиленгликоль және этилбензол және өнімнің 20-дан астам басқа да түрлерін шығару тиімді болып табылады;

4) Атырау мұнай өңдеу зауытында технологиялық жаңғырту және жете жабдықтау басталды және басқа да МӨЗ бен ГӨЗ бойынша да осындай жұмыстар жалғастырылатын болады, бұл мұнай-химия өндірістері үшін шикізаттың қосымша ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстанда алынған мұнай-химия өнімі экономиканың индустриялық дамуының мультипликативтік әсеріне ықпал ететін болады - өндірілетін базалық өнім экономиканың шектес салалары үшін қосымша құны жоғары өнеркәсіптік және тұрмыстық бағыттағы өнімді: құрылыс, орау, қаптау материалдары және пластмасса аспаптар мен бұйымдар және т.б. шығару үшін шикізат болып табылады. Мысалы, жаңғырту бағдарламасының шеңберінде "Атырау МӨЗ-де хош иісті кемірсутектер (бензол мен параксиллол) өндіру кешені" инвестициялық жобасының іске асырылуы мұнай өңдеу тереңдігін ұлғайтуды және Қытай мен Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің кәсіпорындары, сондай-ақ қосымша құны жоғары мұнай-химия өнімдерін өндіру бойынша құрылатын (2014 жылдан кейін) отандық кәсіпорындар тұтынуы мүмкін хош иісті қоспаларды шығаруды қамтамасыз етеді.

Қазақстандық мұнай-химия өнімінің халықаралық нарықта өз орнына ие болуы үшін Қазақстанның негізгі сату нарықтарының қашықтығын және тасымалдау құрамы есебінен түпкілікті бағаның қымбаттайтынын ескерген өте маңызды.

Мұнай мен газды тасымалдау, инфрақұрылымды дамыту

Қазақстан үшін мұнай мен газ өндірісінің ұлғаюы болжамдарын ескере отырып, мұнай-газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту мәселесі күннен күнге маңызды болуда, жаңа экспорттық жүйелерді салу және қолда барын кеңейту жөніндегі жұмыс өзекті болып табылады.

Мұнай-газ ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан көліктік шығындарды ықшамдаған жағдайда қазақстандық көмірсутекті тасымалдау бойынша ең тартымды нарықтарға өткізу жобаларын іздестіру мен іске асыруды жалғастыруға тиіс. Мұнай мен газды экспорттау қуаттары мен бағыттарын дамыту өнімнің перспективалық көлемі мен ішкі тұтынуға, транзиттік елдермен ұзақ мерзімді уағдаластықтардың болуына, сұраныс деңгейіне және әлемдік тұтыну нарықтарындағы ахуалға сәйкес келуге тиіс.

Қазақстан мұнайын тасымалдаудың экспорттық бағыттарын дамыту және әртараптандыру мақсатымен мына жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыс жүргізілуде: КҚК мұнай құбырын кезең-кезеңмен кеңейту, Баку - Тбилиси - Джейхан құбырына қосумен Қазақстан Каспий Тасымалдау Жүйесін құру және Қазақстан-Қытай мұнай құбырының өткізу қабілетін ұлғайту. Қазақстандық мұнай экспорты көлемдерінің негізгі бағыттары 9-кестеде көрсетілген.

9-кесте

2014 жылға дейін мұнай тасымалдаудың негізгі үрдістері

Жыл	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
өндіру	80,0	81,0	83,0	82,0	83,0
Мұнай тасымалдау, оның ішінде	87	88,5	91	88,6	90
импорт	7	7,5	8	7	0
транзит	0	0	0	0	7
МӨЗ-ге жеткізу*	13,1	13,1	13,3	13,9	14,65
экспорт****	71,2	72	70	70,8	66,3
толлинг	0	0	0	0,3	1**
қарсы жеткізу	0	0	0	0	1,5***

Ескертпе:

* - шағын МӨЗ-ді, өткізу пункттерін есепке алмағанда;

** - мұнай өнімдері құбырын пайдалануға тапсыру мерзіміне байланысты;

*** - мұнай қабылдайтын ресейлік мұнай-газ өндіретін ұйымдарға байланысты;

**** - ішкі нарықты қамтамасыз еткен соң қалдықты қағидат бойынша қалыптастырылады, өйткені ішкі нарықты қамтамасыз ету бойынша міндеттемеге қарағанда заңнамада Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне шикізат экспортын қамтамасыз етуді жүктейтін норма жоқ.

Газ магистралдарының жүйесі кеңестік газ тасымалдау жүйесі шеңберінде құрылды және табиғи газды Орталық Азиядан Ресейге және Кавказ елдері республикаларына жеткізуге функционалдық бағытталған болып қала бермек, сондықтан Ресей қазақстандық газдың экспорты кезінде негізгі бағыт болып қала береді. Ұзақ мерзімді кезеңде тауарлық газ өндірісі көлемінің ұлғайып келе жатқанын, сондай-ақ республиканың оңтүстігінің энергиялық тәуелсіздігін шешу қажеттігін назарға ала отырып, газ тасымалдау қуаттарын әртараптандыру маңызды мәселе болып табылады.

Қазақстан арқылы халықаралық газ транзитін дамытуға жеке назар аудару қажет, оның көлемі болжамды деректер бойынша 2014 жылы 102,7 млрд. текше м дейін ұлғаяды.

Көмірсутектерді ішкі және сыртқы нарықтарға жеткізудің көп векторлық қағидаттарына сүйене отырып, табиғи газ экспорты және экспорттық бағыттары

бойынша барлық экономикалық тұрғыдан пайдалы бағыттарды дамытуды жалғастыру қажет.

Қазіргі уақытта, газ экспортының ресейлік бағытына бәсекелесетін баламаның жоқ екенін және ағымдағы сату Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекарасында жүзеге асырылып жатқанын ескере отырып, қазақстандық тарап уәкілеттік берген ұйым арқылы жеткізуді жүргізіп нарықтық әділ баға алу бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бұл ретте уәкілетті органдармен ("Трансферттік баға белгілеу туралы" Заңға сәйкес) Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы шекарасында эксперттік бағаны келісу және бекіту үшін нормативтік құқықтық актілерге қажетті нормаларды енгізу бойынша тиісті жұмысты жүргізу.

Ішкі газбен жабдықтауды дамыту тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған саланы дамыту басымдықтарының бірі болып қала бермек. Қазіргі уақытта , республикада 30 және одан да көп жыл бұрын салынған, ұзақтығы шамамен 11 мың км болатын орта және төмен қысымды газ тарататын желілерінің басым бөлігі өзінің беріктілік қорын тауысқан. Таратушы газ құбырларының техникалық жай-күйі негізгі құралдар мен жабдықтың жоғары дәрежелі тозуымен сипатталады.

"ҚазТрансГаз-Аймақ" акционерлік қоғамы бөлімшелері пайдаланатын газ тарату желілері бойынша газ құбырларының шамамен 18%-ы авария алдындағы жағдайда. Бұл ретте, болат құбырларды пайдаланудың нормативтік мерзімдері 30 жыл болса, жабдық пен құбырлардың 12%-ы 35 жылдан астам пайдаланылып келеді. Бұдан басқа, газ құбырларының жылдам тозуы жер асты құбырлардың 40%-ға жуық ұзындығы электр-химия қорғағышсыз (2001 жылы - 70 % астам) пайдаланылуынан болып отыр. Газ реттеу пункттерінің (бұдан әрі - ГРП) жартысына дерлігі және шкафтық газ тарату пункттерінің (бұдан әрі - ШГТП) үштен бір бөлігі жөндеуді немесе алмастыруды қажет етеді.

Газ құбырларының тозғандығынан жүйеде қысым жобалықтан төмен, өйткені қысымды жобалыққа дейін арттырған жағдайда газдың шығуы артып, әбден тозығы жеткен ГРП мен ШГТП жабдығы іске қосылып кетеді (іске қосылмай қалады).

Осы газ құбырларын пайдалану қосымша шығыстарды, оның ішінде авариялық өтінімдерді орындау және жою қажеттігімен байланысты шығыстарды талап етеді. Қосымша құрылыс техникасын сатып алу, техникалық персонал штатын ұлғайту, авариялық құбыр қорларын және тиекті арматураны сатып алу қажеттігі қоса жүретін жер жұмыстарының көлемі ұлғаюда. Таяу жылдары газ құбырларының қирауы, әсіресе сейсмикалық қауіпті аудандарда және топырағы жоғары тоттану белсенділігімен ерекшеленетін аудандарда жүйелі сипат алуы мүмкін.

Сонымен қатар, өнеркәсіптік кәсіпорындардың дамуына және тұрғындардың өсуіне байланысты газдың тұтынылуы өсіп келеді. Бұл жағдайда, Қазақстан Республикасының газ тарату желілерін жаңғырту мәселесі өткір болып табылады. Газ тұтынушыларын газбен сенімді қамтамасыз ету және пайдалану шығыстарын азайту үшін жаңғырту

бағдарламасын әзірлеу мақсатында газ тарату желілеріне кешенді диагностика жүргізу талап етіледі.

Облыс әкімдіктерінің деректері бойынша болжамды газ тұтыну көлемі 2014 жылы 14,1 млрд. текше м құрайды, бұл 2009 жылғыдан 1,6 есе көп.

Каспий теңізінің қазақстандық секторының (КТҚС) жағадағы инфрақұрылымын дамыту 2 бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) өндіру сатысындағы Солтүстік Каспий жобасының кен орындары үшін (оператор – НКОК, оператор агенті – Аджип ККО);

2) геологиялық барлау жұмыстары және коммерциялық қорларды растау сатысындағы "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жобаларының кен орындары үшін.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі кен орындарын игеру мерзімдеріне сәйкес КТҚС үшін қажетті жағадағы инфрақұрылымның барлық объектілерін екі бағыт бойынша талап етілетін қуаттарға жүйелі талдау жүргізді. Жағадағы инфрақұрылым объектілерінің үш тобы белгіленді: кен орындарын игеру үшін сыни қажетті; мұнай мен газды экспорттау үшін; индустриялық жобалар.

КТҚС кен орындарын игеру үшін 6 сыни қажетті жағадағы инфрақұрылым объектісінің 4-нің қуаты жеткілікті (теңіз мұнай операцияларын қолдау базалары, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату полигондары, теңіз кемелеріне жанармай құю станциялары, бұрғылау ерітінділерін өндіру зауыттары). КТҚС Оңтүстік бөлігіне қызмет көрсету үшін экологиялық ден қою базасын салу (2020 ж.) және кеме жөндейтін верфтер (2014 – 2017 жж., ТЭН әзірлеу аяқталды) бойынша шараларды жүзеге асыру қажет.

Темір жолмен тасымалдау бойынша жоғары бәсекелес бағаны ескере отырып, мұнай мен газды экспорттау үшін жеткілікті қуат бар.

Индустриялық жобалар бойынша қолданыстағы қуаттар жеткілікті және темір конструкцияларға қажеттілік ұлғайған жағдайда, қолданыстағы зауыттар қажетті қуаттарды арттыруы мүмкін.

Энергия үнемдеу саясаты Қазақстанның отын-энергетика ресурстарымен жоғары деңгейде қамтамасыз етілуіне қарамастан, энергия тасушылар бағасының артуы және Қазақстанның алдағы уақытта Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруі жағдайында, энергетика ресурстарын тұтынушылардың алдында аса маңызды - шығарылатын өнімнің энергия сыйымдылығын азайту міндеті тұр.

Энергия үнемдеудің негізгі бағыттары отын-энергетика ресурстарын өндіру, қайта құру, тасымалдау, сақтау мен тұтыну кезінде олардың шығынын азайту, сондай-ақ энергия тиімді техника мен өнімді, озат технологияларды енгізу жөніндегі жобаларды іске асыру болып табылады.

Газ саласындағы энергия үнемдеудің негізгі бағыттарының бірі газды өз мұқтаждықтарына жұмсау және шығындарын азайту негізінде елдің газ көлігі жүйесіндегі энергия үнемдеу саясатын жүргізу болып табылады, бұл газ транзитінің

өзіндік құнын азайтуға және атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте газ көлігі жүйесінде қазіргі Газ өңдеуші агрегаттардың (бұдан әрі - ГӨА) пайдалы әрекеттері коэффициентін (бұдан әрі - ПӨК) ұлғайта отырып жаңғырту, ГӨА жану камераларын жаңғырту, регенераторды неғұрлым тиімділеріне ауыстыру, орнатылған және пайдаланылып жүрген жабдықтардың (ГӨА, сорғылар мен желдеткіштердің электржетектері, жандыру қондырғылары, жылумен жабдықтау жүйелері) жұмысын оңтайландыру және басқа да шаралар көзделуде.

Салалық бағдарламаның шеңберінде іске асыру жоспарланатын мұнай-химия өндірістерінде халықаралық нарықтың жетекші лицензиялық жоғары технологиялық және энергия үнемдейтін технологиялары пайдаланылатын болады.

"Біріктірілген газ-химия кешенінің құрылысы" инвестициялық жобасында мынадай энергия үнемдейтін технологиялар мен қондырғытар пайдаланылатын болады: газ өңдеу - АBB/CBI, Linde; булы крекинг - Linde, АBB/CBI, TECHNIP, Stone & Webster; пропанды дегидрирлеу - UOP, АBB/CBI, Uhde; этиленді димеризациялау - Axens, Bazzell /Borealis технологиясы бойынша полиэтилен мен полипропилен шығару.

2010 жылғы наурызда CBI Lummus компаниясымен (АҚШ) пропанды дегидрирлеу технологиясына және полипропилен шығаруға лицензиялық келісімдерге қол қойылды, 2010 жылғы желтоқсанда негізгі жабдықтарды дайындауға тапсырыстарды орналастыру жоспарлануда.

Атырау МӨЗ-ін жаңғырту жөніндегі іс-шаралардың шеңберінде "Атырау МӨЗ-інде хош иісті көмірсутектер өндіру жөніндегі кешен құрылысы" (бұдан әрі - КӨК) инвестициялық жобасын іске асыру жүзеге асырылуда. КӨК-те лицензиар - Axens-тің (Франция) технологиясы, оның ішінде ксилолдарды алдын ала фракциялайтын "Eluxyl"; ксилолдарды изомеризациялайтын "ХуМах"; толуолды трансалкилирлейтін "TransPlus" технологиялары және басқа да қосалқы жабдықтар бар. КӨК үшін секциялар бойынша ұзақ жасалатын лицензиялық жабдыққа тапсырыс беру 2010 жылғы қыркүйекте жүзеге асырылады.

Бұдан басқа АМӨЗ-ді жаңғырту - "Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенін салу" (бұдан әрі - МТӨКС) инвестициялық жобасы бойынша да "Axens" компаниясының энергия үнемдейтін технологиялары таңдап алынды және 2010 жылғы 25 ақпанда МТӨК-тің Бас мердігері мен "Axens" компаниясының арасында 8 технологиялық процесс бойынша лицензиялық келісімдерге қол қойылды.

3.4. Қазіргі бар нормативтік құқықтық базаның, қолданыстағы практиканың және дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерінің сипаттамасын қоса алғанда, саланы дамытудың қолданыстағы мемлекеттік реттеу саясатын талдау

Ескерту. 3.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 370 қаулысымен.

Саланы дамытудың қолданыстағы мемлекеттік реттеу саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуын бақылау - мемлекет тарапынан саланы реттеуді жүзеге асырудағы негізгі акцент. Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес құзыретті органның функцияларына жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың талаптарын орындау мониторингі және бақылау кіреді.

Келісімшарттар талаптарының орындалу мониторингі жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды орындау кезінде келісімшарттардың талаптары мен заңнама талаптарының орындалуы жөніндегі есептілік, жазбаша түсіндірме нысанында беретін бастапқы ақпаратының, сондай-ақ Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңға сәйкес және (немесе) заңнамалық актілерге сәйкес уәкілеттендірілген мониторингке қатысатын және жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның деректері негізінде жүзеге асырылады.

Келісімшарттар талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында мониторингке қатысатын және (немесе) заңға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын мемлекеттік бағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар мониторинг және (немесе) бақылау деректерін мониторинг деректерін талдауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарға береді. Егер бақылау барысында жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттың талаптарын орындамау фактісі анықталса, онда уәкілетті орган мұндай жер қойнауын пайдаланушыға қатысты заңдарға және келісімшарттың ережелеріне сәйкес шаралар қолданады;

2) Жер қойнауларын ұтымды игеру мәселелері жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асырған кезде ұзақ мерзімді аспектіде кен орындарын игерудің экономикалық тиімділігін айқындайтын, бұл ретте экология және жер қойнауын қорғау мәселелерінің шешілуін қамтамасыз ететін негізгілері болып табылады. Осы мәселені іске асыру мақсатында пайдалы қазбаларды барлаудың және игерудің неғұрлым тиімді әдістерін талдауды, әзірлеуді және қолдануды қамтамасыз ететін "Пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөнінде орталық комиссия" (бұдан әрі - ОБК) алқалық консультативтік-кеңесші орган құру көзделіп отыр. Комиссия жер қойнауын

пайдаланушылар ұсынатын пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі жобалық құжаттарды бекіту не бас тарту туралы ұсынымдарды қарайды және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға енгізеді.

Жер қойнауын ұтымды игеруді реттеудің және бақылаудың тиімді жүйесін жақсарту, арттыру, оны қазіргі заман талаптарына бейімдеу жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін ОБК алдыңғы жұмыс тәжірибесін қорытуды және талдауды жүргізу қажет ;

3) көмірсутек саласындағы әлемдік конъюктурадағы өзгерістерге уақытында ден қою, сондай-ақ кен орындарын игерудің кеш сатысында немесе жер қойнауының өнімі аз учаскелерін пайдалануды ынталандыру үшін мұнай-газ саласындағы салық салу мәселелеріндегі икемді саясат жүргізу үшін негіздер.

Игеру кезінде алынуы қиын қорлардың жоғары үлесін ескере отырып, аз дебитті ұңғымаларды бірінші кезекте ұтымды ету қажет. Ол көлденең оқпандарды бұрғылау (оның ішінде ескі ұңғымалардан), қабаттарды тереңінен сумен жару, қабаттарға неғұрлым тереңінен кіргізіп қайталама префोरациялау, қабаттың оқпантүптік маңына әртүрлі физикалық-химиялық әсер ету әдістері және т.с. секілді кен орындарын игеру тиімділігін арттыру жөніндегі қазіргі заманғы технологияларды кең ауқымды пайдаланудың экономикалық мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы технологияларды қолдану ұңғымалардың "ескі" қорында өте аз шығынмен жаңа ұңғымалардың дебитінен асып кететін дебиттер өсімін алуға мүмкіндік береді;

4) жасалған келісімшарттар бойынша мәселелерді реттеу және жана кезеңге арналған стратегияны әзірлеу қажеттігінен туындаған конкурстарды өткізудегі шектеу екінші жағынан инвесторлардың геологиялық барлау жұмыстарына қатысуының азаюына алып келеді.

Мамандардың болжамы бойынша Қазақстан Республикасындағы көмірсутек шикізатынан алынатын қорлары қазіргі өндіру деңгейінде шамамен 60-70 жылға жетеді , алайда, ірі мұнай-газ кен орындарындағы өсіп келе жатқан өндіру деңгейін ескерсек, көрсетілген уақытша шектеулер едәуір қысқаруы мүмкін. Сондықтан мұнай-газ саласын одан әрі дамыту жаңа кен орындарын ашу есебінен қорлардың өсуін қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстанда көмірсутек қорларын ұлғайтудың шынайы перспективалары бар, сондықтан Қазақстанның жер қойнауы әлеуеті әлі де жоғары болғандықтан, геологиялық-барлау жұмыстарына ерекше назар аударған жөн;

5) мемлекеттің Ұлттық компанияның атынан негізгі жобаларға қатысуын күшейту.

Мемлекет ықпалының ұлғаюы соңғы жылдары қазақстандық мұнай саласындағы басты үрдіске айналды. ҚМГ-сы Үкімет саясатын жүргізуші болды, оны мемлекет көмірсутек шикізатын өндірудің стратегиялық секторындағы жаңа активтерді сатып алуға ынталандырады.

Атап айтқанда, жер қойнауы және мұнай туралы заңнама, оған біріншіден, тікелей келіссөздер негізінде конкурс өткізбей жер қойнауын пайдаланушы құқығын, екіншіден, Каспий қайраңының қазақстандық секторын игеру жөніндегі жобаларда үлес мөлшерінің кемінде 50 % алу мүмкіндігін береді.

Мемлекеттің кен орындарын игеруге арналған жер қойнауын пайдаланушы құқығын және Қазақстанда сатуға шығарылатын кез келген мұнай активтеріндегі үлесті алудың басым құқығы ұлттық компания арқылы ғана жүзеге асырылғанын атап өту қажет.

Бұл шаралар ҚМГ-ға мұнай-газ саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға мүмкіндік береді. Барлық қалған мәселелерде ҚМГ мұнай-газ секторының басқа да ойыншыларымен қатар бірдей құқықтар мен міндеттемелерге ие.

Сонымен қатар, республиканың мұнай-газ кен орындарын игерудегі ұлттық компанияның қатысу үлесі төменгі деңгейде қалып отыр. Қазақстанда мұнай өндірудің жалпы көлеміндегі ҚМГ үлесі 2010 жылы 28 %-ды құрайды.

Сонымен бірге, ҚМГ экспансиясын қадағалау кезінде ішкі және сыртқа нарықтарда барлық ҚМГ компаниясы үшін біртұтас салмақты саясатты жүргізуге ерекше назар қоюды күшейту қажет.

б) өңдеуші қуаттарға инвестицияларды ынталандыру.

2007 жылдың желтоқсанында Мемлекет басшысының Жарлығымен Атырау облысында "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) құрылды. АЭА аумағы 3475,9 га-ны құрайды.

Өзара байланысты мұнай-химия өндірістерінің құрылысы Атырау облысындағы АЭА -да жүзеге асырылатын болады, ол қазақстандық мұнай-химия өнімінің өзіндік құнын төмендетуге және оның халықаралық нарықтағы бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексі АЭА аумағында мұнай-химия өнімдері өндірісін жүзеге асыратын ұйымдарға корпоративтік табыс салығын, жер салығын, мұнай-химия мүлік салығын төлеуден босату түрінде жеңілдіктер көзделген, Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде еркін кеден аймағы режимінде - шетелдік және қазақстандық тауарлар арнайы экономикалық аймақтың тиісті аумақтық шекараларында тауарлар қауіпсіздігі бойынша талаптардан басқа кеден бажы алынбай, тарифсіз реттеу шаралары қолданылмай орналастырылады және пайдаланылады;

7) Жанар-жағармай материалдарының (бұдан әрі - ЖЖМ) нарығын

реттеу Қазақстан Республикасының мұнай өнімдері нарығын мемлекеттік реттеуді Министрлік "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" ҚР Заңында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес жүзеге асырады.

Қолданыстағы заң 2003 жылы қабылданды. Бүгінгі күні бірқатар енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қарамастан, қолданыстағы заңның көптеген кемшіліктері бар және ол бүгінгі күннің талаптарына жауап бермейді.

Сонымен, Заңға 2004 жылы әкімшілік реформа шеңберінде енгізілген түзетулерге сәйкес екі уәкілетті органның Қаржы министрлігі мен Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің функциялары біріктірілді. Бұл жағдай Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің заңда жоғалтқан өз функцияларын іске асыруда бірқатар мәселелерді тудырды.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнама мұнай өнімдері нарығында баға белгілеу саясатын тиімді және толық жүргізуге мүмкіндік бермейді. Сыртқы нарықтардың елеулі ықпалы және бағаны мемлекеттік реттеудің тиімді тетігінің болмауы маңызды әлеуметтік мәнге ие және ел экономикасына елеулі әсер ететін мұнай өнімдеріне бағаның күрт өзгеруіне әкеп соқтыруда. Көрсетілген факторлар әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкелмек және Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Мемлекет басшысының ЖЖМ нарығын реттеу жөніндегі жұмысты күшейту туралы тапсырмасын орындау үшін және оларға деген бағаның өсуіне жол бермеу үшін осы нарықты реттеудің жаңа тетігін енгізу қажеттігі туындады.

Саланың ерекшелігін және оның мемлекетіміз үшін маңыздылығын ескере отырып, Министрлік мұнай өнімдері нарығын реттеудің жаңа тетігіне көшуді көздейтін жаңа заң әзірледі.

Республиканың ішкі мұнай өнімдері нарығын реттеудің осы тетігі 2009 жылдың желтоқсанынан бастап қолданылуда және іс жүзінде қолданылғаннан бері өз тиімділігін көрсетті.

Өз кезегінде мұнай өнімдері туралы заң жобасында табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықта басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бағаны мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сатуға арналған шекті бағаны белгілейді деп көзделген.

Заң жобасы реттелетін нарық субъектілерінің табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласындағы уәкілетті орган белгілеген шекті бағаны Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда асырмау міндеттемесін көздейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мұнай өнімдерінің ішкі нарығын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан шығарылатын шикі мұнайға және мұнайдан өндірілетін тауарларға экспорттық кедендік баждарды енгізді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 шілдедегі № 709 қаулысына сәйкес экспорттық кедендік баждардың мөлшерлемесі белгіленген:

шикі мұнайға 1 тоннаға 20 АҚШ доллары мөлшерінде;
ашық мұнай өнімдеріне 1 тоннаға 99,71 АҚШ доллары мөлшерінде;
қара мұнай өнімдеріне 1 тоннаға 66,47 АҚШ доллары мөлшерінде.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығымен айналысатын отандық кәсіпорындарды көктемгі-күзгі дала жұмыстары кезеңінде жанар-жағармай материалдарының қажетті көлемімен және дизель отыны мен мазутқа қатысты жыл сайынғы негізде ішкі нарықта ЖЖМ-ға баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында маусымдық экспорттық кедендік баждар қолданылып отыр:

- жыл сайын 15 ақпаннан 15 қазанға дейінгі кезеңде дизель отыны экспортына 1 тоннаға 130 евро мөлшерінде кедендік баж мөлшерлемесі салынады;

- жыл сайын 15 сәуірден 15 тамызға дейінгі кезеңде мазут экспортына 1 тоннаға 15 евро мөлшерінде кедендік баж мөлшерлемесі салынады.

8) ішкі газ нарығын реттеу

Газ нарығының субъектілері, яғни тұтынушылар мен жеткізушілер арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 568 қаулысымен бекітілген Табиғи газды жеткізу, тасымалдау және сату ережесімен, сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережесімен (бұдан әрі - Жеткізу ережесімен) реттеледі.

Елдің индустриялық-инновациялық дамуына байланысты газ тұтынудың өсу үрдісі газға деген сұраныстың ұлғаюын көздейді және газ бағасының өсуіне алғышарт болады. Газ сату бойынша баға саясатын бірте-бірте реформалауды жүргізу қажет. Қазіргі уақытта Қазақстандағы газдың өткізу бағасы еуропалық газ нарығымен салыстырғанда едәуір төмен және өңірге байланысты мың текше метрі 23-тен бастап 143 АҚШ долларына дейін құбылып тұрады.

2020 жылдан кейін елдің ресурстық мүмкіндіктері күрт шектеледі және бүгінгі күннің өзінде Еуропа елдері нарығындағы мың текше метрі 250-340 АҚШ долларын құрайтын жоғары бағаларды есептегенде, Қазақстанда газ бағасы шарасыз өсе бермек.

Шектес елдердің (Ресей Федерациясы және т.б.) газ бағасын ырықтандыру бағытын қабылдауына байланысты Қазақстанда газ бағасын кезең-кезеңмен ырықтандыруды енгізу бойынша дайындық жүргізу қажет.

Бұл ретте ішкі нарықтың бағасы Еуропа нарығының бағасы деңгейінен көліктік шығындарды алып тастағанда, сондай-ақ тағы 20-25% алумен анықталатын болады.

Жылу энергиясы тарифында отын құрамының (газ) 70%-ға дейінгісін құрайтынын ескере отырып, газға бағаның еуропалық деңгейге дейін (мың текше м-ге 250-340 АҚШ долл.) өсуі газдың түпкілікті құнының өсуіне, сондай-ақ электр және жылу энергиясы құнының өсуіне әкелуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің деректері бойынша газға бағаның өсуі жағдайында жылу энергиясына тарифтер 140%-дан (Алматы, Оңтүстік Қазақстан облысы) 200%-ға дейін (Қостанай облысы) ұлғаюы мүмкін.

Осыған байланысты, осы ықпалды біркелкілеуге мүмкіндік беретін іс-шараларды, бірінші кезекте тұрғындардың әлеуметтік ең осал топтары үшін дайындау орынды.

Сұйытылған газ нарығы негізінен бәсекелестік ортаға жатады және тиісінше белгілі бір тауар нарығында үстемдік (монополиялық) орынға ие компанияларды қоспағанда, нарықтық қатынастар негізінде қалыптастырылады. Тауар нарығында 35%-дан жоғары орынға ие субъектілер Тізілімге енгізіледі және олардың бағалары реттеуге жатады.

Табиғи және сұйытылған газдың ішкі нарықтағы перспективасы

Ішкі газ жабдықтау инфрақұрылымын дамыту мақсатында мынадай инвестициялық жобалар жүзеге асырылатын болады:

"Оңтүстік Қазақстан облысының газ тарату жүйесін жаңғырту – 1-кезең Шымкент қ." ҚҚС-сыз 33,194 млрд. теңге (2010 – 2016 жж.);

"Тараз қаласының газ тарату желілерін жаңғырту" ҚҚС-сыз 18,404 млрд. теңге (2011 – 2019 жж.);

"Алматы қаласын және қала маңы аймағын газдандыру" ҚҚС-сыз 16,569 млрд. теңге (2011 – 2013 жж.) .

"Алматы - Байсерке - Талғар" магистралдық газ құбырын салу" - 6,3 млрд. теңге;

"Жамбыл облысының газ тарату желілерін жаңғырту". Қаралып отырған кезеңде жобалау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

"Қостанай облысының Қамысты, Федоров және Қостанай аудандарында елді мекендерді газдандыру үшін магистралдық газ құбырларын салу" - 7,3 млрд. теңге;

"Бухара газды ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы" магистралдық газ құбырының бойында орналасқан Жамбыл облысының елді мекендерін газдандыру" - 2,7 млрд. теңге;

"Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру" - 4,8 млрд. теңге;

"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ қолданыстағы газ тарату желілерін тиісті жағдайда күтіп-ұстау" - 8,8 млрд. теңге;

"Алматы қаласының автокөлігін компримирленген табиғи газға ауыстыру" пилоттық жобасын іске асыру" - 470 млн.теңге;

Осы инвестициялық бағдарламаларды іске асыру газ тарату құбырларының өткізу қабілетін ұлғайтуға, газбен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыруға, газ құбырларының апатсыз және үздіксіз пайдалануын қамтамасыз етуге, нормативтік және нормативтен тыс шығындарды төмендетуге бағытталған. Аталған инвестициялық жобаларды іске асырумен байланысты экономикалық әсер халықтың жұмыспен қамтылуының өсуі, көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы, техногендік сипаттағы апаттардың пайда болу тәуекелдерінің төмендеуі, сондай-ақ авариялардың жалпы деңгейінің және тиісінше авариялар салдарларын жоюға байланысты шығындардың қысқаруы сияқты көрсеткіштерді қамтиды.

9) Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін дамыту.

2007-2009 жылдар кезеңінде мынадай халықаралық келісімдерге қол қойылды:

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 14 мамырдағы № 160-IV ҚРЗ Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Каспий жағалауы газ құбырын салудағы ынтымақтастық туралы келісім;

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 218-IV Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан - Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісім;

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 ақпандағы № 18-IV Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғам құрудағы ынтымақтастық туралы келісім;

"Атасу-Алашанькоу" магистралдық мұнай құбырын пайдалану кезінде кейбір ынтымақтастық мәселелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы 2007 жылғы 18 тамыздағы келісім;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы 2004 жылғы 17 мамырдағы Негіздемелік келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2007 жылғы 18 тамыздағы хаттама;

2009 жылғы 14 қазанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан - Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 18 тамыздағы ҰАК Хаттамасына қол қойылды;

2009 жылғы 14 қазанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы 2004 жылғы 17 мамырдағы Негіздемелік келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2007 жылғы 18 тамыздағы хаттама;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы мұнай транзиті туралы 2002 жылғы 7 маусымдағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға" 2008 жылы 20 қарашада Ялта қаласында (Ресей) қол қойылды.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ынтымақтастық және отын-энергетикалық кешенді дамыту туралы 2002 жылғы хаттамаға" 2009 жылы 30 желтоқсанда Мәскеу қаласында (Ресей) қол қойылды;

10) Көмірсутектерін тасымалдау саласындағы тарифтік саясат

Бұл бағытта, бір жағынан, шығындары тұтынушылардан жеткізілетін өнімге соңғы бағаны белгілейтін табиғи монополиялар тарифтері негіздемесін бақылауды қамтамасыз ету, екінші жағынан инвестицияларды ынталандыру үшін құбыр желісі компанияларының рентабельділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету қажет.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополиялар салаларына магистралдық құбырлармен мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша қызметтер жатады. Табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне тарифтер реттелетін қызметтерге арналған шығындар құнынан төмен болмауы көзделген және субъектінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескеруі тиіс.

Қолданыстағы магистралдық құбырлармен мұнай тасымалдау бойынша қызметтерге арналған тарифтерді есептеу әдістемесі учаскелер бойынша мұнай айдауға арналған тарифтер 1000 км-ге 1 тонна мұнай айдауға арналған үлес тарифінің негізінде есептеледі деп көзделген. Бұдан басқа, табиғи монополиялар субъектілерінің тартылған активтерінің реттелетін базасына пайда ставкасын қамтуы тиіс.

Республиканың ішкі тұтынушылары үшін тасымалдау аралығына қарамастан, әрбір 1000 текше метр газ тасымалдауға есептелген магистралдық газ құбырлары бойынша газ тасымалдауға арналған бірыңғай тариф қолданылады. Тауар нарықтарында үстемдік етуші нарық субъектілерінің газға арналған сату бағаларын реттеу жүзеге асырылуда. Транзиттік елдер арқылы қазақстандық өнімді тасымалдаған кезде экономикалық негізделген, қолайлы тариф деңгейі, тасымалдау жүйелеріне кемсітпеушілікке қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қолдау жүйесін жалғастырған жөн. 2002 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы мұнай транзиті туралы келісімге қосымшада 2009 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша қолданылған деңгейде "Транснефть" АК" қоғамына магистралдық құбырлары бойынша қазақстандық мұнайды транзиттік тасымалдау тарифтері (5 жыл мерзімге) белгіленген. Бұл ретте, 2010 жылдан бастап инфляция деңгейіне тарифті жыл сайын индекстеу мүмкіндігі көзделген.

Қазақстанның аумағы арқылы транзиттік жеткізілім жағдайында баламалы бағыттармен салыстырғанда бағыттың бәсекелестікке қабілеттігін қамтамасыз ету қажет. Халықаралық газ транзитіне және ҚР аумағы бойынша экспортқа арналған тариф шарттық негізде жүзеге асырылады;

11) техникалық реттеу

2010 жылғы 18 қарашада қол қойылған және 2011 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Беларусь Республикасындағы, Қазақстан Республикасындағы және Ресей Федерациясындағы техникалық реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге сәйкес Кеден одағының шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін бірыңғай өнім тізбесі (бұдан әрі – Бірыңғай тізбе) қалыптастырылды.

Мұнай-газ саласында Бірыңғай тізбе мынадай ұстанымдарды қамтиды:

бензиндер, дизель және кеме отыны, реактивті қозғалтқыш отыны және отын мазуты;

жағар материалдар, майлар және арнайы сұйықтықтар;
мұнайды, оның өңделген өнімдерін есепке алу құралдары мен жүйелері;
отын ретінде пайдаланылатын сұйытылған көмірсутек газдары;
тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнай;
тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған жанғыш табиғи газ;
сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистральдық құбырлар.

Аталған ұстанымдарға қатысты техникалық регламенттерді қабылдау мүдделі мемлекеттермен өзара саудада техникалық кедергілерді едәуір қысқартуға, өнімге бірыңғай міндетті қауіпсіздік талаптарын және бағалау мен сәйкестікті растау рәсімдерін қолдану есебінен ішкі нарықты қауіпсіз емес өнімнен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Тараптың әзірлеуге жауапты органы ретінде "Автомобиль мен авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыш отыны мен мазутқа қойылатын талаптар туралы" Кеден одағының техникалық регламентін әзірледі (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 826 шешімімен бекітілген) және қоса әзірлеуші ретінде "Жағар материалдарға, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы" Кеден одағының техникалық регламентін әзірлеуге қатысты (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 59 шешімімен бекітілген).

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 103 шешімімен бекітілген 2012 – 2013 жылдарға арналған Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу жоспарында Кеден одағының "Мұнайдың және оның қайта өңделген өнімдерінің көрсеткіштерін өлшеу құралдарына қойылатын талаптар", "Отын ретінде қолдануға арналған сұйытылған көмірсутек газдарына қойылатын талаптар" техникалық регламенттерін әзірлеу көзделген. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Тараптың осы техникалық регламенттерді әзірлеуге қатысушы органы болып табылады.

Кейіннен Бірыңғай тізбенің басқа да ұстанымдары – тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнай, тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған жанғыш табиғи газ, сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистральдық құбырларға қатысты техникалық регламенттерді әзірлеу жоспарлануда.

Техникалық реттеудің басқа маңызды құралы стандарттау болып табылады.

Кеден одағы техникалық регламенттерінің талаптарын орындау үшін дәлелді база халықаралық және мемлекетаралық стандарттар, олар қабылданбаған жағдайда, халықаралық талаптарға сәйкес келетін ұлттық стандарттар болып табылады.

Кеден одағының "Автомобиль мен авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыш отыны мен мазутқа қойылатын талаптар туралы", "Майлайтын материалдарға, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламенттерін қолдау үшін 006 "Мұнай, газ және мұнай-химия өнеркәсібінің нормативтік-техникалық базасын жетілдіру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі 2012 жылы – 17, 2013 жылы – 15 мемлекетаралық стандарт әзірлеуді ұйымдастырды.

Бұдан басқа, 2011 жылы 006 "Мұнай, газ және мұнай-химия өнеркәсібінің нормативтік-техникалық базасын жетілдіру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде газ саласындағы 15 мемлекеттік стандарт, мұнай және мұнай-химия салаларында 5 мемлекетаралық стандарт әзірленді.

12) Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру мәселелеріне едәуір назар аударылуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы № 1095 Жарлығымен қараңыз.U101105 бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі - Мембағдарлама), ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 21 тамыздағы № 843 қаулысымен бекітілген Мембағдарламаны іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған (I кезең) іс-шаралар жоспарына сәйкес Теңізде мұнай өндіру инфрақұрылымын дамытудың бас жоспары және КТҚС жағадағы алаңын дамытудың кешенді жоспары әзірленді. Қараңыз.U101105

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі № 673 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың 2006 - 2010 жылдарға арналған (II кезең) іс-шаралар жоспарына сәйкес Түпқараған шығанағының жағалауындағы және ауданындағы жағадағы инфрақұрылым объектілері енгізілді;

13) магистралдық құбыр елде өндірілетін көмірсутек шикізатының едәуір үлесін ішкі және сыртқы нарықтарға жеткізуді қамтамасыз өтетіндіктен Қазақстан Республикасының стратегиялық маңызды объектісі болып табылады. Магистралдық құбырлардың елді энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі стратегиялық рөлі осы салаға қатысты мемлекеттік реттеуде айрықша әдістерді қолдануды талап етеді.

Магистралдық құбыр саласындағы қатынастар Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңның шеңберінде 5 баппен реттеледі. Көрсетілген Заң жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға, жер қойнауын кешенді зерттеуге және пайдалануға бағытталған. Сонымен қатар, магистральдық құбыр саласындағы қатынастар өндірістік циклдік басқа да кезеңінде туындайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану кезеңіне жатпайды.

"Магистралдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы магистралдық құбыр саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін

белгілеуді, мемлекеттік органдардың осы қызметті реттеу жөніндегі өкілеттіктерін, магистралдық құбыр саласындағы қатынастар қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін айқындауды көздейді және магистралдық құбырларды тиімді, сенімді, қауіпсіз пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының магистралдық құбыр саласындағы ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Магистралдық құбырдың елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызын ескере отырып, осы мәселелерді шешу жеке заң қабылдау тұрғысынан аса өзекті болып табылады.

Газ саласындағы қатынастарды тікелей реттейтін нормативтік құқықтық актілер Жеткізу ережесі болып табылады. Газ өндіру және жабдықтау саласындағы мәселелер бірқатар заңдармен (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Негізгі бөлім), "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары) жанама реттеледі.

Алайда, газ саласының қазіргі шынайылығын толық көлемде көрсететін, газбен жабдықтауды және газды тұтынудың жалпы шарттарын реттейтін және оны дамыту және жылдам жандандыру мақсатында осы салаға инвестиция тартуға ықпал ететін бірыңғай заңнамалық акті жоқ.

Жеке заңды әзірлеу қажеттігі заң жүзінде реттелмеген газ саласының, оның ішінде орталық атқарушы органдардың және жергілікті өзін өзі басқаратын, газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының рөлі мен функцияларына қатысты газ саласының, сондай-ақ газды жеткізу, тасымалдау, сақтау және сатып алу мәселелеріне қатысты құқықтық қатынастардың көптеген мәселелері мен проблемаларының көптігінен туындады.

Жеке заң қабылданған және Қазақстан Республикасының газ нарығының субъектілері арасындағы қатынастар реттелген жағдайда, газдың мотор отыны және химия өнеркәсібі үшін шикізат ретінде кеңінен пайдаланылуы үшін жағдайлар туғызылатын болады, саладағы техникалық прогресс қамтамасыз етіледі, газдың республика ішіндегі тұтынылуы және экспорттық мүмкіндіктері ұлғайтылады, газ нарығындағы бәсекелестік пен ашықтық күшейеді, бұл газ саласынан елдің кірістерінің ұлғаюына әкеледі;

14) қазақстандық тауарлар мен қызметтер

Қазақстандық үлесті арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қазақстандық үлес бөлігінде нормативтік құқықтық базаны дамытуға бағытталған шаралар кешенін іске асырып жатыр.

2010 жылғы 24 маусымда қабылданған Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңда қазақстандық үлеске деген көзқарас тұжырымды өзгертілген. Заңның нормалары қазақстандық үлес бойынша заңнаманың және келісімшарттық міндеттемелердің сақталмағаны үшін құқықтық жауапкершілікті арттырады.

Келісімшарттық міндеттемелерді бұзған компанияларға қатысты келісімшартты бұзғанға дейін әкімшілік шаралар, айыппұл санкциялары қолданылатын болады.

Заңда сонымен қатар, жер қойнауын пайдаланушыларға олардың сатып алуындағы қазақстандық үлес бөлігінде қойылатын талаптар күшейтіледі. Атап айтқанда, компанияның шығыстарынан Қазақстаннан тыс жерлерден сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша, сондай-ақ заңнаманы бұзумен сатып алынған шығындар алынып тасталады;

15) экологиялық талаптарды күшейту

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңның талаптарына сәйкес мына жағдайларды қоспағанда, алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағуға тыйым салынады:

қауіп-қатер немесе авариялық жағдайлардың туындауы, персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп-қатер;

ұңғымалар объектілерін сынау, кен орындарын сынамалық пайдалану кезінде;

технологиялық жабдықтарды іске қосу-реттеу, технологиялық жабдықтарды пайдалану, технологиялық жабдықтардың техникалық қызмет көрсетуі және жөндеу жұмыстары кезінде газды болмай қоймайтын технологиялық жағу кезінде.

Заңнама нормаларының кесімділігі көптеген мұнай-газ компанияларын қиын жағдайға соқтырды және саланың одан әрі дамуына ықпал еткен жоқ. Осыған байланысты, газды кәдеге жарату мәселелері бойынша заңнамаға жекелеген түзетулер қабылданды, бұл кәсіпорындарға алауларда газды жағудан кезең-кезеңмен бас тартуды көздейтін көмірсутек шикізатын өндіру кезінде ілеспе газды кәдеге жарату бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге мүмкіндік туғызды. Мұндай бағдарламаларды Қазақстанның барлық жер қойнауын пайдаланушылары әзірледі.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, оның ішінде Газды кәдеге жарату жобалары да табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігін айқындау үшін Қоршаған ортаны қорғау министрлігінде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтті.

Бағдарламаларға сәйкес газдылығы аз кен орындары үшін газ жеке мұқтаждықтарға, атап айтқанда, мұнай кәсіпшілігін жылыту, көмірсутек шикізатын технологиялық жылыту үшін пайдаланылады деп көзделген. Неғұрлым ірі кен орындары үшін кәдеге жарату электр энергиясын өндіру, жер асты қабаттарына айдау, өндеу зауыттарына не болмаса сату үшін өңірлердің елді мекендеріне тасымалдау үшін газ құбырларын сату арқылы жүзеге асырылатын болады.

Кейбір нормативтік құқықтық актілерді, бірінші кезекте Каспий теңізінің жағалау аймағының қызметіне байланыстыларды қайта қарау қажет. 2011 жылы теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі зерттеулер басталады.

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жоғары халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келу, сондай-ақ отандық өндірушілердің өнімдерінің бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында өндірілетін автомобиль отынына қойылатын экологиялық талаптарды күшейту жөнінде шаралар қабылданды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін бензин К2 экологиялық класына сәйкес келеді.

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 826 шешімімен бекітілген "Автомобиль мен авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыш отыны мен мазутқа қойылатын талаптар туралы" Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында:

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап К2 экологиялық класындағы автомобиль бензині мен дизель отынын айналымға шығаруға және оның айналымына тыйым салу күшіне енеді;

К3 экологиялық класындағы автомобиль бензині мен дизель отынын айналымға шығару және оның айналымына 2015 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін рұқсат етіледі;

К4 және К5 экологиялық класындағы автомобиль бензині мен дизель отынын айналымға шығару және оның айналымына көшу 2016 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей жүзеге асырылады.

3.5. Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімделуі мүмкін қазіргі бар проблемаларды шешу жөнінде шетелдік оң тәжірибеге, сондай-ақ жүргізілген маркетингтік зерттеулердің нәтижелеріне шолу жасау

Ресей

Ресей аумағындағы мұнай кен орындарының көпшілігі, оның ішінде Татарстанның кен орындары да олардың қорларының бірте-бірте таусылуына байланысты өндіруді азайтумен сипатталатын пайдалану сатысында тұр. Өңір ресурстарды игеру бойынша төртінші - соңғы сатыда, өндіру төмендейтін, бірақ неғұрлым баяу қарқынмен немесе уақыттың белгілі бір кезеңінде оңтайлы деңгейде тұрақтанатын алынатын қорлардың шамамен 80% іріктелгеннен кейінгі кезең.

Татарстанда мұнай өндірудің төмендеуі шекті деңгейге жетті және ол одан әрі төмендеген кезде республика экономикасын дамыту қажеттілігі толық көлемде қанағаттандырылмайды. Сонымен қатар, қол жеткізілген деңгейде өндіруді тұрақтандыру республиканың мұнай өнеркәсібінің өзінің дамуының соңғы сатысына жетуінен, қорлар құрылымының күрт нашарлауынан, өндірісті жандандыру және жаңа кен орындары үшін қаржы ресурстарының жеткіліксіздігінен күрделі тапсырма болып табылады.

Қиындықпен алынатын кен орындары қорын салықтық ынталандыру, сондай-ақ Республикада жұмыс істеп тұрған кен орындарындағы аз дебитті және сулылығы жоғары ұңғымаларды пайдалану "Жер қойнауы туралы" РФ Заңының, сондай-ақ Татарстан Республикасының "Жер қойнауы туралы" және "Мұнай және газ туралы" Заңдарының нәтижесінде мүмкін болды.

Осы құжаттарға сәйкес мұнай өңдеу кәсіпорындары, егер мұнай өндіру 85% астам суланған кен орындарынан, коллекторлық қасиеттері төмен иірімдерден, аз дебитті шығынды ұңғымалардан, сондай-ақ мұнайды үшінші әдіспен өндірген кезде мұнайға акциз төлеуден босатылады.

Татарстанда жүргізілген салық эксперименті (Татарстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Татнефть" компаниясына берген салық жеңілдіктері) жоғарыда жазылған факторларды ескеретін, икемді салық саясатын өңірлік деңгейдің өзінде жүргізу еңбекпен қамтылуды (қызметкерлердің жәрдемақы емес, жалақы алуы), жалпы экономикалық (табыс салығы) және жанама салықтарды және өңір үшін және Федерация үшін дамудан басқа да мультипликативтік нәтижелілікті сақтау есебінен мұнай өндіруді елеулі ұлғайтуға және әлеуметтік-экономикалық нәтижелердің өсуіне әкелетінін көрсетті.

Бұл елдің оң тәжірибесі өндірісте және тұрмыста (газдандыруды дамыту) отын ресурсы ретінде мұнайды кеңінен енгізу негізінде мұнай өндіруді тұтынушылар тобын қалыптастыруға, мұнайды тұтынушылар мен жеткізушілердің өзара тиімді экономикалық қатынастарын құруға ықпал ететін болады.

Әлемнің көптеген елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Норвегия, Франция, Ресей және т.б.) газ туралы жеке заң бар.

Ресей Федерациясында газбен жабдықтау саласындағы қатынастар мынадай заң актілерімен: мемлекеттің энергетикалық ресурстарының стратегиялық түрлеріне деген қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған "Газбен жабдықтау туралы" РФ Федералдық заңымен, көмірсутек шикізаты кен орындарының барлық түрлерінен ендірілетін және газ тәрізді немесе сұйытылған күйде тасымалданатын газға қатысты қолданылатын "Газ экспорты туралы" РФ Федералдық заңымен реттеледі.

"Газбен жабдықтау туралы" РФ Заңы газбен жабдықтау үшін стратегиялық мәні бар объектілердің ерекше режимін көздейді, газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне негізделген, сондай-ақ Ресей Федерациясының аумағында бірыңғай газ нарығын құру мен дамытудың құқықтық негіздерін белгілейді.

Жалпы "Газбен жабдықтау туралы" РФ Заңының ерекшелігі мемлекеттік монополияға (газбен жабдықтаудың бірыңғай меншік иесі), монополиялық экспорт есебінен газ тасымалдау жүйелерін дамытуды кросс-субсидиялауға, сондай-ақ тасымалдау тарифтерін және тұтынушылар үшін газ бағасын реттеуге негізделген.

Беларуссия

Беларуссияда газбен жабдықтау саласындағы қатынастарды реттеудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздері Беларусь Республикасының "Газбен жабдықтау туралы" Заңымен айқындалады.

Осы Заңның қолданылу аясы мемлекеттің және тұтынушылардың газға деген қажеттілігін қамтамасыз ету кезінде, сондай-ақ газбен жабдықтау объектілерін жобалау, салу, жөндеу және қайта жаңарту, пайдалану енгізу және пайдалану, пайдаланудан шығару, консервациялау және (немесе) жою кезінде туындайтын газбен жабдықтау саласындағы қатынастарды қамтиды. Заң магистралдық құбырлардың жұмыс істеуі, құру, пайдалану, консервациялау және жою кезінде туындаған қатынастарға қолданылмайды.

Канада, Австралия, АҚШ

ЕО шеңберінде әрбір мемлекет - қауымдастық мүшесі, Еуропалық газ директивасының жалпы ережелеріне сәйкес келетін газ туралы өз ұлттық заңын қабылдады, алайда, олар әрбір мемлекеттің газ саласының белгілі бір сипатына қарай ерекшеленеді.

ЕҚ мемлекеттерінің, Канаданың, Австралияның газбен жабдықтау саласындағы заңнамасында нарықты қайта реттеу бағытындағы даму үрдісі байқалады. Бірқатар жағдайларда жекелеген мемлекет (провинция) шеңберінде газды тасымалдауға және таратуға монополия белгіленген, газ тасымалдау жүйелеріне тең қол жеткізу, өндірушілердің ірі тұтынушыларға тікелей қол жеткізуі қамтамасыз етілген, тасымалдау тарифтерін реттеу көзделген.

АҚШ газ өндірушілері арасындағы дамыған бәсекелестіктің, әрбір қалыптасқан бағытта газ тасымалдау қызметтері монополиясының, тасымалдау тарифтерін реттеудің, тиісті қызмет көрсету аймағында тәуелді тұтынушыларға қызмет көрсету монополиясын сақтаудың, өндірушілердің тәуелсіз тұтынушыларға тікелей қол жеткізуінің құқықтық негіздерін белгілейтін газбен жабдықтау саласындағы дамыған заңнамалық базамен сипатталады.

ТМД елдеріндегі газ саласындағы заңнаманы ырықтандырудың төмен деңгейін және керісінше, алыс шетел мемлекеттеріндегі (атап айтқанда, АҚШ) ырықтандырудың жоғары деңгейін атап өткен жөн. Бұл өз кезегінде жалпы алғанда бірқатар факторларға тәуелді газ нарығын дамыту деңгейін көрсетеді:

газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту деңгейі;

экономикалық қызмет тығыздығы (нарықтың сыйымдылығы, кен орындарынан шалғай орналасу, төлемге қабілетті сұраныстың болуы);

өзге де энергия көздерімен (көмір, мазут) бәсекелестік;

саяси факторлар және т.б.

Газ саласын табысты дамытуды құқықтық қамтамасыз ету үшін Қазақстанға экономикалық қызметінің ұқсас тығыздығы бар елдердегі құқықтық реттеу тәжірибесін

, сондай-ақ газ саласының тұрақтану кезеңіндегі дамыған елдердің тәжірибесін ескеруі қажет.

Әлем елдері үшін экологиялық таза бензин мен отынға қойылатын талаптарды қатаңдату өзекті болып отыр. Мысалы, ЕО мұнай өнімдерін тұтынудың өсуіне байланысты және соның салдарынан экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты бензин мен дизель отынына қатаңдатылған ерекшелігін енгізді, 2005 жылдан бастап неғұрлым қатаң талап - Еуро-4, 2009 жылдан бастап Еуро-5 талаптарын енгізді. АҚШ-та реформацияланған бензинге - экологиялық залалды азайтуды қамтамасыз ететін және көлік құралдарының техникалық деңгейін сақтайтын белгілі бір құрамдас бөлігі бар бензинге талаптар белгіленген.

ЕО автомобиль бензиндерінің сапасына және олардағы ілеспе заттардың құрамын шектейтін мына талаптарды көздейді:

хош иісті көмірсутектерді, өйткені хош иісті көмірсутектердің тотыққан өнімдері канцерогенді болып табылады;

белгісіз көмірсутектердің - себебі тұмша пен жердің озон қабатының жойылып кетуі;

күкірттердің - күкірт тотығы қышқыл жауынның себебін және шығарынды газдарды жете жағу үшін у болып табылады, металдардың тоттануына ықпалын тигізеді.

Бұл ретте міндетті талап - бензинге құрамында қышқылы бар қоспаларды қосу.

ТМД елдерінде бензиндерге қойылатын талаптар қолданыстағы стандарттардың талаптарына сәйкес келеді және құрамында бензол 5%-тен көп емес, хош иісті қоспалар мен олефиндер - нормаланбаған, күкірт бойынша 0,05% (мас.) немесе 500 ppm. болу нормалары.

Еуропалық одақтың экологиялық бағдарламасына сәйкес (Еуро - 2, 3, 4 нормаларына кезең-кезеңмен өту) техникалық шарт талаптарында құрамында бензол (3-5% көп емес), хош иісті қоспалар - 43% (Еуро-3) және 30% (Еуро-4); олефиндер сәйкесінше 18% (масс.) және 14%; күкірт - 0, 0150 (мас.) немесе Еуро-3-те 150 ppm және 0, 003 - 0,001 (мас.) немесе Еуро-4-те 30 - 10 ppm. болу бойынша неғұрлым қатаң нормалар.

"Атырау МәЗ-де хош иісті заттарды шығару бойынша кешен құрылысы" инвестициялық жобасы іске асырылғанға дейін және кейін құрамында бензол, хош иісті көмірсутектер, күкірттің болу нормалары және ЕО техникалық шарттарының нормалары 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

Инвестициялық жобаға дейін және кейін АМӨЗ өнімдеріндегі (автобензинде) кейбір компоненттер құрамының нормаларын салыстыру

Көрсеткіштің атауы	Жобаны іске асыруға дейін	Жобаны іске асырудан кейін	Еуро-3	Еуро-4

Бензолдың құрамы, көлемділігі % көп емес	5,0	1,0	1,0	
Күкірттің құрамы, ppm, көп емес	1000	30	150	50
Хош иісті көмірсутектер, көлемділігі % көп емес	48,7	35	42	35

"Nexant ChemSystems" (2005 жыл) және "Jacobs Consultancy" (2008 жыл) компаниялары Қазақстанда шығарылатын өнімдердің көлемін есептеумен, халықаралық мұнай-химия өнімі нарығына сұраныс пен ұсынысқа талдау жасады. Зерттеу нәтижелері бойынша Қытайдың және Батыс Еуропаның, сондай-ақ Азия мен Таяу Шығыстың мақсатты нарықтарында қазақстандық мұнай-химия өндірістерін құру жобалары мақсатты нарықтарда бәсекелестікке қабілетті деп анықталды. Қазақстандық өнімнің негізгі артықшылығы - шикізат құны, оның есебінен отандық мұнай-химия өнімі әлемдегі төмендердің бірі болуы мүмкін.

Көмірсутектерді өңдеуді және одан әрі қайта жасауды дамыту - ЖІӨ еселі ұлғайтуға және отын нарықтарына тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін мультипликаторлардың бірі болып табылады. Парсы Шығанағы елдері мұны тоқсаныншы жылдардан бастап әзірлеуде және қазір мұнай мен газ өңдеу бойынша қуаттарды пайдалануға енгізуде, Иран мұнай экспортына және көмірсутектердің бағасының өзгеруіне тәуелді болмас үшін мұнай-химияның көмегімен өзінің отын-энергетикалық кешенін әртараптандырып келеді.

Солтүстік Каспийдің және басқа да өңірлердің кен орындарын игеру тәжірибесін зерттеу жаңа тарихтағы мұнай өндіруші елдердің бірде-бірі, бұл мұнай жобаларына қатысушылар үшін аса сезімтал болғандықтан жергілікті үлес мәселесін қызу талқылаудан айналып өткен жоқ.

Бұл жер қойнауын беретін елдер Үкіметтері тарапынан, жобалардың өзінен, сондай-ақ қызмет көрсету саласында көп жұмыс орындары санын алу, сондай-ақ жергілікті тауарлардың, материалдарды және қызметтердің неғұрлым көп көлеміне қол жеткізу ниеті болуына негізделген. Екінші тараптан мұнай операцияларын орындайтын мердігерлер оларға ұзақ уақыттан бері үйреншікті және сенімді қызмет көрсететін нарықтағы белгілі жеткізушілердің тауарларын, материалдарын және қызметтерін барынша пайдалану мүмкіндігін алғылары келеді.

Басқа елдер мен компаниялардың тәжірибесі көрсетіп отырғандай, егер жүйелі шаралар әзірленсе және қолданылса, сондай-ақ тараптар осы мәселенің шешілуіне қызығушылық білдірсе, бұл мәселе табысты шешілуі мүмкін.

Норвегияның, Малайзияның, Қытайдың, Пәкістанның, Оңтүстік Кореяның тәжірибелерін зерттей отырып, аталған елдердегі жергілікті үлестің дамуына шынайы қолдау көрсеткен мына шараларды атап өткен жөн:

жоғары технологиялық өнімдер өндірісін дамытуға ықпал ететін салық салу жүйесінің тетіктерін қолдану, сондай-ақ жалпы алғанда салық жүйесін оңайландыру;

жоғары сапа мен белгілі бір өндіріс көлеміне жеңілдік кредиттер;

ғылыми-техникалық кешенге қаражат салатын шетелдік инвесторларды қолдау;

Ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға мемлекеттік инвестицияларды ұлғайту (бұдан әрі - ҒЗТКЖ);

дайын өнім импорты үшін тарифтік емес тосқауылдар құру;

салалық ынтымақтастық және мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің жоғары деңгейі;

инвестициялық жобалардағы жергілікті үлес бойынша міндеттемелерді белгілеу.

Норвегия

Мысал ретінде норвегиялық экономикалық даму жолын алуға болады. Еуропаның кедей аумағы бола тұра, Норвегия мұнай-газ кешенін дамыту нәтижесінде қырық жылға жетпейтін уақытта, бүгінгі таңда, өмір сүру ұзақтығымен, білімділігімен және материалдық өмір деңгейімен айқындалатын адамзаттың даму индексі бойынша әлемдегі жетекші орынға ие болып отыр.

"Норвегиялық арманды" жүзеге асыру үшін саяси еркіндік, елге әлемдік мұнай және газ көшбасшыларын тарту, озық ғылыми-техникалық білім алу, мұнай-газ өндіру саласындағы тиісті материалдық базаны құру, практикалық дағдыларды пысықтау, яғни ресурстарды дамыту үшін барлық қажеттілерді алу талап етілді. Мұнай саласының барлық қызмет түрлерін мемлекеттік басқару мен бақылау жүйесі құрылған болатын, бұдан басқа норвегиялық индустриямен біріктірілген мұнай негізінде өнеркәсіптің жаңа салаларын дамыту үшін жағдай жасалады.

Жер қойнауын пайдаланушылар реттеушіге (Мұнай директоры) сатып алу жоспарлары мен кен орнын дамыту есептерін ұсынады, оның шеңберінде жергілікті үлесті (жергілікті кәсіпорындарды, жергілікті еңбек ресурстарын тарту, ҒЗТКЖ шығындары) дамыту көрсетілуі тиіс. Мұнай Директоры жоспарлары тексереді, ұсынымдар әзірлейді, сосын әрбір 2 жыл сайын қойылған міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізеді. Талаптар орындалмаған жағдайда лицензияны қайтарып алуға дейін айыппұл санкциялары қолданылады.

Бұдан басқа, Норвегияда шетелдік жұмыс күшін норвегиялық кадрларға алмастыру бойынша, шетелдікті жұмысқа қабылдаған кезде норвегиялық маманды оқыту бойынша талаптар және оны 3 жылдың ішінде алмастыру міндеттемесі қатаң бақыланады.

Норвегия, сондай-ақ ішкі халықаралық стандарттарды үндестіруді табысты жүзеге асырды, стандарттау және сертификаттау жөніндегі, оның ішінде еңбек қатынастары саласындағы (мамандықтар, дәрежелер және т.с.с.) ірі халықаралық ұйымдар мен компанияларды тартуды салық және өзге де артықшылықтармен ынталандырды.

Норвегияда жергілікті үлес мәселесіндегі талаптардың бірі мұнай өңдеу өнеркәсібінде норвегия тілін пайдалану болып табылады.

Норвегияда өте аз уақыттың ішінде, бір жағынан инвестицияларды тартуға қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін, ал екінші жағынан ұлттық мүдделерді ескеретін және сақтайтын мықты мұнай-газ өнеркәсібі қалыптастырылды. Жергілікті үлес салмағы, мұнай саласы сұранысының нәтижесінде жеке сервистік индустрия құрылып, ол ұдайы өсті. Бүгінгі күні корольдіктің 4,5 млн. тұрғындарының 140 мыңы мұнай өндіруге байланысты бизнеспен айналысады.

Норвегиялық Үкіметтің күш-жігерінің нәтижесінде жергілікті үлестің 60-80% жоғары салмағына қол жеткізілді. Бұдан басқа, 2020 жылға қарай ел мұнай-газ технологияларының жетекші халықаралық орталығы болуға ниетті. Бұл үшін ғылымды қажет ететін салаға шетелдік инвестицияларды тарту және көмірсутектерін барлау және өндіру саласындағы норвегиялық ноу-хау экспортын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Бразилия

Бразилияда мемлекеттік сектор ерекше маңызды рөл атқарды және атқарып жатыр. Мысалы, "Петробрас" компаниясы мен Энергетика және тау-кен өнеркәсібі министрлігінің арасындағы ынтымақтастық кәсіби оқыту бағдарламасы үшін (3 жылда 110 мың маман оқытылды) ресурстарды құрылымдауда және бөлуде анықтаушы болды. Инвестициялар жеткізуші компаниялардың мүмкіндіктерін дамытуға, атап айтқанда, жеткізушілер жүйелері субсекторларына және негізгі инфрақұрылымға, мысалы, Рио-Грандтағы кеме жөндеу зауытына салынды.

Осы іс-шараларды қолдауда жер үлесін дамыту жөніндегі ережелер бірнеше рет түзетілді. Бұрынырақта концессиялық келісімдер есептіліктің салыстырмалы жеңілдетілген формуласын қоса алғанда, жергілікті үлесті дамыту бойынша ғаламдық талаптарды көздеген болатын. Кейіннен жасалған келісімдерде және қосымша директивтер жеткізу жүйесіндегі санаттарға байланысты неғұрлым сараланған мақсаттарды қамтыды.

4. Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, мақсатты индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері

Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 370 қаулысымен.

Мақсаты: Мұнай-газ саласын теңгерімді және тиімді дамыту

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мұнай және газ өндіру саласында мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

1) мұнай және газ конденсатын өндіру және оның экспорты жөнінде белгіленген көрсеткіштерді орындау;

2) ішкі нарықтың мұнай өнімдері мен газға қажеттілігін қамтамасыз ету;

3) көмірсутектің барланған қорларының өсімін қамтамасыз ету және өндіру деңгейін тұрақты жоғары деңгейге жеткізу;

- 4) саланы техникалық реттеу нормаларын үйлестіру;
- 5) мұнай-газ компанияларында жергілікті қамту деңгейін ұлғайту;
- 6) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету.

Қойылған мақсатты іске асыру 2014 жылы мынадай мақсатты индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) 2014 жылы мұнай өндіру көлемін ұлғайту 83,0 млн. тоннаны құрайды (2009 жылмен салыстырғанда 108,4 %);

2) 2014 жылы шикі газ өндіру көлемін ұлғайту 41,0 млрд. текше м құрайды (2009 жылмен салыстырғанда 113,8 %);

3) 2014 жылы құрғақ газ экспортының көлемін 7,3 млрд. текше м ұлғайту (2009 жылмен салыстырғанда 104,2 %);

4) мұнай-газ саласын техникалық реттеу саласындағы техникалық регламенттер, стандарттар және өзге де құжаттар әзірлеуді қамтамасыз ету;

5) 2012 жылы ілеспе газдың (технологиялық еріксіз жағылатын газ көлемін қоспағанда) кемінде 95 %-ын кәдеге жарату.

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері:

1) 2014 жылы мұнай өндіру көлемі 83,0 млн. тоннаны және шикі газ өндіру көлемі 41,0 млрд. текше м құрайды;

2) 2010 – 2011 жылдары жалпы ауданы 115 000 шаршы км ҚТҚС аумағында масштабы 1:100000 гравимагниттік түсірілім жүргізу;

3) 2010 – 2012 жылдары ҚТҚС солтүстік бөлігінің және шектес жағалық аймақтың шегінде (№ 1–5 бейіндер) және ҚТҚС оңтүстік бөлігінің шегінде (№ 6 бейін) көлемі 4000 қума км аэромагниттік тірек бейіндердің 6 тобын пысықтау, 174 мың шаршы км ауданда далалық аудандық аэромагнитті метрикалық зерттеулер (216 мың қума км көлемде);

4) 2014 жылы келісімшарттар бойынша қаржылық міндеттемелердің орындалуын кемінде 70 % деңгейіне дейін жеткізу.

2011 – 2012 жылдары Кеден одағының 2 техникалық регламенті әзірленіп бекітілді:

1) "Автомобиль мен авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыш отыны мен мазутқа қойылатын талаптар туралы";

2) "Жағар материалдарға, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы".

Қазіргі уақытта Кеден одағының 2 техникалық регламенті әзірленуде, олар 2014 жылы бекітілетін болады:

1) "Мұнайдың және оның қайта өңделген өнімдерінің көрсеткіштерін өлшеу құралдарына қойылатын талаптар";

2) "Отын ретінде қолдануға арналған сұйытылған көмірсутек газдарына қойылатын талаптар".

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жазылған жергілікті қамту бөлігінде мұнай-газ компанияларының міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізілетін болады. Жер қойнауын пайдаланушылармен сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге жергілікті қамту бойынша келісімшарттарға қосымша келісімдер жасасу және/немесе қайта қарау жоспарланып отыр.

2015 жылға қарай мұнай-газ компанияларының сатып алуындағы жергілікті қамту деңгейін тауарлар бойынша 16 %-ға дейін, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 72,5 %-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр, кадрларда мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланып отыр: басшылық құрам – 87 %-дан кем емес, жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – 96 %-дан кем емес, білікті жұмысшылар – 98 %-дан кем емес.

11-кесте "2010 жылдан бастап 2014 жылды қоса алғанға дейін мұнай-газ компанияларының сатып алуларындағы жергілікті қамтудың болжамды үлесі (НКОК, ТШО, КПО-ны есепке алмағанда) (%-да)"

	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Тауарлар	5,0	8,0	11,0	13,0	16,0
Жұмыстар мен қызметтер	79,7	81,1	82,4	70	72,5

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының жаңа Заңын іске асыру үшін 68-ден астам нормативтік құқықтық акті әзірленеді.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін өңдеу өндірістерін дамыту саласында мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр:

1) отандық көмірсутек шикізатын өңдеудің тереңділігі мен көлемін ұлғайту (мұнай/газ);

2) мұнай-газ саласының жаңа өндірістері үшін барлық деңгейдегі мамандар даярлау

Қойылған мақсаттарды іске асыру 2014 жылы мынадай мақсатты индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) қазақстандық үш МӨЗ-де мұнай өңдеу көлемін ұлғайту 15 млн. тоннаға дейін құрайды;

2) отандық мұнай өнімдерінің сапасын К4, К5 экологиялық класс стандарттарына дейін жеткізу;

3) мұнай өнімдерін тұтыну құрылымының болжамды өзгертуін қанағаттандыруға бағытталып шығарылатын өнім түрлерін оңтайландыру және ұлғайту;

4) 2013 жылдан бастап мұнай жол битумын жылына 200 мың тонна көлемінде өндіруді қамтамасыз ету;

5) 2014 жылы хош иісті көмірсутектерді (бензол, параксилол) жылына 188,7 мың тоннаға дейін өндіруді қамтамасыз ету;

6) 2015 жылдан бастап базалық мұнай-химия өнімінің өндірісін жылына 800 мың тонна полиэтилен және жылына 500 мың тонна полипропилен көлемінде өндіруді қамтамасыз ету;

7) мұнай-газ саласында қажетті мамандар даярлау.

Мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді:

1) АМӨЗ-ін реконструкциялау және жаңғырту, мұнай өңдеу қуатын жылына 5,5 млн. тоннаға дейін жеткізе отырып, мұнай өнімдерінің сапасын К4, К5 экологиялық класына дейін жақсарту:

1-кезең: "Хош иісті көмірсутектерді өндіру кешенінің құрылысы", іске асыру мерзімі – 2010 – 2014 жылдар;

2-кезең: "Мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысы", іске асыру мерзімі – 2011 – 2016 жылдар;

2) ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғысының және АМӨЗ баяу кокстау қондырғысының вакуумдық блогын реконструкциялау, вакуумдық блоктың қуатын жылына 1800 мың тоннаға дейін және баяу кокстау қондырғысының қуатын жылына 1 000 мың тоннаға дейін жеткізу мұнайдың бастапқы өңдеу көлемін ұлғайтуды, оны фракцияларға бөлуді және оларды жақсартуды қамтамасыз етеді, кешенді түрде бұл мұнай өңдеу тереңдігін арттыруды қамтамасыз етеді. Жобаны іске асыру мерзімі – 2010 жыл;

3) ПКОП-ты реконструкциялау және жаңғырту, мұнай өңдеу қуатын жылына 6,0 млн. тоннаға жеткізе отырып, мұнай өнімдерінің сапасын К4, К5 экологиялық класына дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі – 2011 – 2016 жылдар;

4) ПМХЗ-ді реконструкциялау және жаңғырту, мұнай өңдеу қуатын жылына 7,5 млн. тоннаға жеткізе отырып, мұнай өнімдерінің сапасын К4, К5 экологиялық класына дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі – 2011 – 2016 жылдар;

5) Қазақстанда Ақтау пластикалық массалар зауытының базасында жол битумын өндіру;

Шикізат – Қаражанбас кен орнының мұнайы. Өндіріс қуаты – жылына 400 мың тонна жол битумы. Жобаны іске асыру мерзімі – 2013 жыл.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасында жағар май өндірісін ұйымдастыру мүмкіндігі зерделенуде.

Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мұнай және газ тасымалдаудың экспорттық бағыттарын әртараптандыру арқылы тасымалдау және инфрақұрылымды дамыту бойынша міндетті шешу көзделеді.

Қойылған мақсатты іске асыру 2014 жылы мынадай мақсатты индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) халықаралық транзитті қоса алғанда, магистральдық газ құбырларымен газ тасымалдау көлемінің ұлғаюы 2014 жылы жылына 121,4 млрд. текше м құрайды, оның ішінде "Қазақстан-Қытай" газ құбыры бойынша жылына 30 млрд. текше м.;

2) халықаралық газ транзитінің көлемін жылына 100 млрд. текше м дейін ұлғайту;

3) 2014 жылға қарай мұнай құбырларының өткізу қабілетін арттыру: КҚК – жылына 61,2 млн. тоннаға дейін, оның ішінде қазақстандық учаскеде – жылына 49,3 млн тонна, Қазақстан – Қытай бойынша – жылына 20 млн. тоннаға дейін құрайды.

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

КҚК кеңейтуді үш кезең бойынша жүргізу жоспарлануда:

1-кезең (2013 ж., жылына 40,6 млн. тонна, оның ішінде қазақстандық учаскеде – жылына 33,5 млн. тонна);

2-кезең (2014 ж., жылына 61,2 млн. тонна, оның ішінде қазақстандық учаскеде – жылына 49,3 млн. тонна);

3-кезең (2015 жыл, жылына 67 млн. тонна, оның ішінде қазақстандық учаскеде – жылына 52,5 млн. тонна);

Қазақстан – Қытай мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 20 млн. тоннаға дейін ұлғайту.

Жобаның кезеңдерін іске асырудың мерзімді кезеңі Қазақстан – Қытай мұнай құбыры жүктемесінің қамтамасыз етілуін белгілеуге сәйкес айқындалады.

Қазақстан – Қытай магистральдық газ құбырын кеңейту

Қазақстан – Қытай газ құбыры екі учаскеден тұрады: бірінші – "Түрікменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай" газ құбыры, екінші – "Бейнеу – Бозой – Шымкент" газ құбыры.

"Қазақстан – Қытай" магистральдық газ құбырының өткізу қабілетін қамтамасыз ету 2014 жылы жылына 30 млрд. текше м және кейіннен Түрікменстанда шығарылған газдың транзиті мен Қазақстанда шығарылған газдың тасымалы үшін ықтимал кеңейту жылына 40 млрд. текше м дейін құрайды.

Қазақстан – Қытай газ құбырының "С" желісін салу жобасы жылына қосымша 25 млрд. текше м тасымалдауға мүмкіндік алу үшін қолданыстағы Қазақстан – Қытай газ құбырының "А" және "В" желілерінің бір техникалық дәлізінде "С" желісін салуды көздейді.

Сондай-ақ газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10 млрд. текше м дейін жеткізе отырып, "Бейнеу – Бозой – Шымкент" газ құбырын кезең-кезеңімен пайдалануға беру жоспарланып отыр.

2014 жылға дейін КТҚС жағадағы инфрақұрылымының 8 объектісін іске қосу күтілуде.

Мақсаттарға, мақсатты индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауапты мемлекеттік және өзге де органдар.

Бағдарламаны іске асыру үшін мынадай мемлекеттік органдар мен ұйымдардың: Индустрия және жаңа технологиялар, Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қоршаған орта және су ресурстары, Төтенше жағдайлар, Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Өңірлік даму министрліктерінің, облыс әкімдіктерінің, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ-тың, "Қазақстан даму банкі" АҚ-тың қолдауы қажет.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Ескерту. 5-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 № 422; 17.04.2014 № 370 қаулыларымен.

Бағдарлама 2010 жылдан бастап 2014 жылға дейін кезең-кезеңмен орындалатын болады.

1. Мұнай және газ өндіру саласында

Бағдарлама мақсаттарының іске асырылуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының ірі кен орындарын кешенді игеру, негізгі кен орындарында өндірісті ұлғайту жөнінде іс-шаралар жүргізу қажет. Қашағанда мұнай өндіруді жүзеге асыра бастау.

Каспий маңы шөгу бассейніндегі ҚТКС аумағында, Каспий маңы ойпатының орталық бөлігінде, сондай-ақ негізгі өнеркәсіптік мұнайлы газды аумақтарға шектесетін ойпаттың бүйірлі және бүйір маңы бөліктері шегінде геологиялық барлау жұмыстары жүргізілетін болады. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу Каспий маңы ойпатының орталық бөлігінде, сондай-ақ негізгі өнеркәсіптік мұнай-газ таситын аудандарға шектесетін ойпаттың бүйірлі және бүйір жаны бөліктері шегінде жоспарлануда.

2010 - 2012 жылдар кезеңінде ҚР 15 шөгу бассейнінің мұнайлы-газды перспективасын талдау мақсатында "Қазақстан Республикасы шөгу бассейндерін кешенді зерделеу" жобасы бойынша жұмыстар жүргізу, ҚР шөгу бассейндері бойынша көмірсутек шикізаты ресурстарын бағалау негізінде бұрыннан белгілі мұнай перспективалы аудан, облыстардың және жаңа аудандарды бөлуді қайта бағалау, сондай-ақ жүргізілген геологиялық барлауды оңтайландыру және ҚР аумағында ГБЖ негізделген ұзақ мерзімді жоспарын дайындау.

2010 - 2012 жылдар кезеңінде мынадай мақсаттарда "Қазақстан Республикасы шөгу бассейндерін аэромагниттік түсіру" жобасы бойынша жұмыстарды жүзеге асыру: Каспий маңы ойпаты оңтүстік бүйірінің, Солтүстік Үстірт және Оңтүстік Маңғышлақтың негізгі құрылымдық-тектоникалық бөлшектері бойынша шөгінді қабат пен іргетастың кешенді петрофизикалық моделін жасау, іргетастың ішкі құрылымын зерттеу және мұнайлы-газды перспективалы аймақтарды қимада болжау.

Алынатын геологиялық ақпараттың жүйеге келтірілуін және сақталуын қамтамасыз ететін орталықтандырылған керн қоймасын құру.

Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстар өткізуге шектеулерді алу жөнінде жұмыстар жүргізу.

Газ өндіру және тасымалдаудың бүкіл технологиялық тізбегінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге; газды өндірумен, өңдеумен, тасымалдаумен, сақтаумен, жеткізумен және тұтынумен, газбен қамтамасыз ету объектілерін жобалаумен және салумен байланысты қарым-қатынастардың ерекшеліктерін құқықтық реттеуге; республиканың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге; газ нарығында қызмет жасайтын делдалдардың қызметін реттеуге және басқаларға бағытталған заң жобасының қабылдануын жеделдету.

Мұнай-газ саласында ғылым мен инжинирингті дамыту саласында:

күрделі геотехникалық жағдайларда көмірсутек өндіруді арттыру, өнімді қабаттарға екінші және үшінші реттік әсер ету әдістерін дамыту, өнімді қабаттардың мұнай беруін арттыру мақсатында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді күшейту.

жетекші ғылыми-зерттеу және инжинирингтік компаниялардың озық жетістіктерін зерттеуді кеңейту және трансфертті жүзеге асыру.

тиімді инновациялық шешімдер негізінде мұнай операцияларын жүзеге асыру кезінде қолданылатын технологияларды жетілдіру.

мұнай-газ және энергетикалық жобалардағы базалық шешімдерді қамтамасыз ететін отандық инжинирингтің рөлі мен деңгейін арттыру.

мұнай-газ өндірісінің газдарын, қалдықтары мен ілеспе өнімдерін кәдеге жаратудың қазіргі заманғы әдістерін әзірлеу және кеңінен енгізу.

энергияны үнемдейтін технологиялар мен энергияның дәстүрлі емес көздері саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту.

халықаралық тәжірибені пайдаланып, инновациялардың, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың дамуына ықпал ететін құқықтық және экономикалық жағдайлар жасау қажет.

2. Өңдеу өндірістерін дамыту саласында

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін:

қолданыстағы өндіріс қуаттардың жүктемесін арттыру;

қолданыстағы өндірістік қуаттарға жаңғырту және қайта жаңарту жүргізу үшін инвестициялар тарту;

жаңа технологияларды енгізу негізінде кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін серпінді дамыту;

мұнайды өңдеудің орташа тереңдігін 87% - 90% жеткізіп өңдеу кешенділігін арттыру;

мұнай өнімдерін тұтыну құрылымының болжанатын өзгеруін қанағаттандыруға бағытталған шығарылатын өнім ассортиментін оңтайландыру және арттыру;

шығарылатын өнімнің сапасын арттыру және олардың Еуростандарт талаптарына сәйкес келуі қажет.

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымы барысында туындайтын қарым-қатынастарды жетілдіруге бағытталған "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" жаңа Заңның қабылдануын жеделдету, бұл мыналарға:

уәкілетті органдардың функцияларын шектеу, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымы саласында мемлекеттік басқару жүйесін реттеу, өйткені 2004 жылы әкімшілік реформасы шеңберінде заңға енгізілген түзетулерге сәйкес екі уәкілетті органның: Қаржы министрлігі мен Энергетика және минералдық ресурстар министрліктерінің функциялары біріктірілген;

маңызды әлеуметтік мәні бар, сондай-ақ еліміздің экономикасына маңызды әсер ететін мұнай өнімдеріне бөлшек сауда бағаларын мемлекеттік реттеудің тетігін қолдануға мүмкіндік береді. Осы орайда заң жобасының нормаларын іске асыру мақсаттарында "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Заңға түзетулер әзірленді;

мұнай өнімдерін көтерме саудада жеткізушілер арасында көтерме сатуға тыйым салуға, сондай-ақ мұнай өнімдерін көтерме сату нарығына қол жеткізу жөнінде біліктілік талаптарын орнатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте, заң жобасында мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілер үшін аккредиттеу рәсімі көзделуі тиіс. Осы ереже мұнай өнімдері нарығындағы бәсекелестікті дамытуға теріс әсер ететін делдал құрылымдарды нарықтан шығаруға мүмкіндік береді;

мұнай жеткізушілердің мұнай өңдеу зауыттарына тең және кемсітушіліксіз қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге;

ел өңірлерінде отандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу нәтижесінде алынған мұнай өнімдерінің кепілдікті жеткізілуін қамтамасыз ететін мұнай өнімдері өндірісі және айналымы нарығын реттеудің жаңа тетігін енгізуге;

мұнай өнімдерін өндірушілер үшін технологиялық қондырғыларды жаңғыртуды жүзеге асыруға айтарлықтай түрткі болатын, мұнай өнімдерін өндірушілердің инвестициялық бағдарламаларын бекітуге қатысты жаңа нормаларды енгізуге, бұл түбінде меншікті қуат есебінен ішкі нарықты мұнай өнімдерінің барлық түрлерімен толық көлемде қамтамасыз етуге және олардың сапасын ең жоғары әлемдік стандарттарға дейін жеткізуге мүмкіндік береді;

мұнай өңдеу зауыттарына мұнайды жеткізуден бастап мұнай өнімдерін соңғы тұтынушыларға сатуға дейінгі өндіріске және айналымға мониторингті жүзеге асыру, бұл республиканың барлық өңірлерін мұнай өнімдерімен тиісінше қамтамасыз етуге жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте бірқатар елдерде мұнай өнімдері нарығын реттеуші арнайы заңнамалық актілердің қабылданғанын атап өту қажет.

"Мұнай өнімдері туралы" Канаданың 2001 жылғы 24 мамырдағы Заңы мотор отыны ретінде пайдаланылатын мұнай өнімдеріне арналған баға белгілеуді реттеуге едәуір көңіл бөледі. Мұнай өнімдеріне арналған көтерме және бөлшек сауда бағаларының жоғары шекаралары, сондай-ақ Канададағы көтерме және бөлшек сауда бағаларының арасындағы әжептәуір айырмашылықты арнайы кеңес белгілейді. Мұнай өнімдерін сатушылар осы елдің заңнамасына сәйкес заңнамада белгіленген құрамдасына сәйкес есептелген барынша мүмкін бағадан асырмауы тиіс. Бағаны бақылау үшін тиісті инспекция жүргізіледі.

"Мұнай өнімдері туралы" Заңға сәйкес Оңтүстік - Африка Республикасында 1977 жылы мұнай өнімдеріне бағаны реттеу энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің заңға тәуелді актілерімен белгіленеді. Осы елдің заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерінің өткізушілері заңнамамен белгіленген құрауыштарға сәйкес есептелетін ең көп ықтимал бағадан асырмауға тиісті. Мұнай өнімдерінің құрамдас бөліктерінің бағасы мұнай өнімдерін өткізуге байланысты көлік шығыстарына негізделген, шығыстарға, сондай-ақ есептеу арқылы белгіленетін маржаға негізделген зауыттан өткізу бағасы сияқты көрсеткіштерге жатады.

Батыс Еуропа елдерінде әдетте, мұнай өнімдерін реттеуге арналған арнайы заңнамалық актілер жоқ. Сонымен бірге, экология және техникалық реттеу саласындағы арнайы талаптар, салық заңнамасы мен бәсекелестік туралы заңнама тұтас алғанда мұнай өнімдері нарығын едәуір қатаң реттеуді белгілейді. Нақты регламенттелген мінез-құлық қағидасының болуы кезінде батыс Еуропа мұнай өнімдерінің нарығы көбінесе, едәуір тұрақтылығымен және нарық қатысушылары арасында дамыған бәсекелестігімен ерекшеленеді.

3. Тасымалдау және инфрақұрылымды дамыту жөнінде.

ҚКТЖ Ескене-Құрық мұнай құбырынан және Каспий теңізінің қазақстандық жағалауындағы мұнай құю терминалын, Каспий теңізі арқылы мұнайды тасымалдауға арналған танкерлер мен кемелерді, Каспий теңізінің әзірбайжандық жағалауындағы мұнай төгу терминалын, Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесімен жалғастыру құрылыстарын қамтитын Транскаспий жобасынан тұрады.

Қазақстан-Қытай магистралдық газ құбыры (1-ші учаске) Түркіменстанда шығарылған газды транзиттеуге және Қазақстанда шығарылған газды тасымалдауға арналған магистралдық газ құбырының құрылысын аяқтау.

Бейнеу-Шымкент магистралдық газ құбыры (Қазақстан-Қытай магистралдық газ құбырының 2-ші учаскесі).

Қазақстанның импортқа тәуелді оңтүстік өңірінің қажеттілігін және Қытай газының артығын экспорттауды қамтамасыз ету үшін магистралдық газ құбырын салу.

Солтүстік Каспий жобасын (Қашаған кен орны бойынша) іске асыру кезеңдерін ескеріп КТҚС жағадағы инфрақұрылым объектілерінің мынадай екі тізбесі белгіленді:

КТҚС-те жағадағы инфрақұрылымның басым объектілер тізбесі (8 объект) - (Бағдарламаға 1-қосымша);

әлеуетті іске асырылуы ықтимал жағадағы инфрақұрылымның объектілер тізбесі (13 объект) - (Бағдарламаға 2-қосымша).

Тізбелерге түрлі қажеттіліктерді қамтамасыз ететін теңіз мұнай операцияларын қолдау үшін мынадай объектілер:

- 1) КТҚС көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі жұмыстар үшін қызметтерді ;
- 2) мұнай тасымалдау және сақтау жөніндегі қызметтерді;
- 3) қоршаған ортаны қорғауды және төтенше жағдайларға (мұнайдың төгілуі, мұнай платформаларындағы, аралдар мен ұңғымалардағы авариялар, өрт, шығарылымдар) ден қою жөніндегі шараларды қамтамасыз ету жөніндегі жобаларды;
- 4) қазақстандық қамтуды ұлғайту жөніндегі жобалар мен мәселелерді;
- 5) қосалқы инфрақұрылым жөніндегі мәселелердің шешілуін қамтамасыз ететін теңіз мұнай операцияларын қолдауға арналған объектілер енгізіледі.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жалпы іс-шаралар жоспарына КТҚС жағадағы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шаралар бөлімі енгізілді.

Бұрын басталған газдандыру жобаларын аяқтауға арналған іс-шаралар шеңберінде елді мекендерді газдандыруды жалғастыру көзделуде. 2010 - 2014 жылдары еліміздің газбен қамтамасыз ету жүйесінде өңірлік газ желілерін қайта жанартуға, жаңғыртуға және дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру, сондай-ақ "Алматы қаласының автокөлігін сығымдалған табиғи газға ауыстыру" пилоттық жобасын іске асыру жоспарлануда.

4. Саланы техникалық реттеу

Техникалық реттеу саласында мұнай-газ саласының алдында зор міндеттер тұр.

Кеден одағының "Автомобиль мен авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыш отыны мен мазутқа қойылатын талаптар туралы", "Жағар материалдарға, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламенттерін бекітумен бұл құжаттар бойынша жұмыс аяқталмайды. Осы техникалық регламенттерді іске асыруға қажетті іс-шаралар жоспарларының, мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу бойынша бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету қажет, оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде техникалық регламенттер, сондай-ақ зерттеулер (сынаулар) мен өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде техникалық регламенттер талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттар талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Кеден одағының "Мұнайдың және оның қайта өңделген өнімдерінің көрсеткіштерін өлшеу құралдарына қойылатын

талаптар туралы", "Отын ретінде қолдануға арналған сұйытылған көмірсутек газдарға қойылатын талаптар" туралы техникалық регламенттерін, сондай-ақ олардың ілеспе құжаттарын (оларды іске асыру үшін қажетті іс-шаралар жоспарлары мен бағдарламаларды) әзірлеуге қатысады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне бекітілген іс-шараларды жүзеге асыру жалғастырылады.

5. Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша қазақстандық қамтуды дамыту.

Таяу арадағы перспективада Қазақстан үшін өндіруші сектор жеке экономиканың дамуына да зор ықпал ететін болады. Бұл ресурсты қосылған құнының үлесі неғұрлым жоғары бәсекелестікке қабілетті өнім шығаруды озық дамыту үшін жағдай жасау мақсатында пайдаланған жөн.

"Қазақстандық қамту" институты республика үшін жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметтің экономикалық нәтижелілігін ұлғайту үшін пайдаланылуы тиіс болатын жол картасы болуы тиіс.

Қазақстандық қамтуға қатысты, әдетте, Қазақстанда жасалатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жер қойнауын пайдаланушы мердігерлерге мұнай операцияларын жүргізу технологиялары мен әдістерін ең жоғары дәрежеде сақтау бойынша қойылатын қатаң және әділ талаптарды қамтитынын атап өткен жөн. Әрине, бұл талаптар тиісті әлемдік жеткізу деңгейін көздейді. Өкінішке орай, қазақстандық тауарлар мен қызметтердің барлығы мұндай деңгейге сәйкес келе бермейді.

Осылайша, жер қойнауын пайдаланушы компаниялар дилеммаға ұшырайды: мұнай операцияларын қалай келісімшарттық мерзімдерде әлемдік деңгейде орындауды қамтамасыз ету және бір мезгілде мемлекеттің жергілікті өндірушілерді тарту туралы талаптарды орындау.

Қазақстан Республикасында машина жасауды дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламада машина жасаудың сегменттері анықталған. Негізгі сегменттердің бірі бірінші басымдыққа жататын және жоғары тартымдылығымен әрі өтімділігімен айқындалатын "Мұнай-газ өнеркәсібі үшін машина жасау" болып табылады. Отандық мұнай-газ машина жасаудың даму басымдығы мұнай-газ саласы үшін машина жасау өнімінің үлкен тұтынушысы болғандығымен түсіндіріледі.

Қазақстандық мұнай-газ машина жасауды дамыту үшін қажет мұнай-газ сферасы және технологиялары машина жасаудың ең көп сұраныстағы өнімдерінің тізбесін

анықтау қарастырылып жатыр. Ұзақ мерзімді болашақта тұтынушылар мен сұраныстағы және/немесе жоғары технологиялық өнімдердің машина жасау кәсіпорындары арасында технологиялық келісімдер жасау қажет болады.

Өнімі мұнай-газ саласында неғұрлым қажет болып табылатын өндірістік кәсіпорындардың қызметін талдау қазақстандық қамтуды дамытудағы негізгі проблемалар:

жалпы алғанда Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіптің жеткіліксіз дамуы. Мысалы, өңдеуші өнеркәсіптердің негізгі салаларының салымы: өнімі мұнай-газ саласында неғұрлым қажет болып табылатын машина жасау, металлургия және химия салалары, Қазақстанның ІЖӨ-де тиісінше 1,76%, 8,48% және 0,87%-ды құрайды. Жоғары технологияларды пайдалануды көздейтін өндірістердің көптеген түрлері жоқ немесе пайда болу алдында;

отандық компаниялардың төмен инвестициялық қызметі. Көптеген кәсіпорындар тапсырысшылармен, пайдаланылмайтын өндірістік қуаттармен (қуаттардың шамамен 70 % пайдаланылмайды) ұзақ мерзімді келісімшарттық уағдаластықтардың болмауынан және тұрақсыз кірісінен жеке кәсіпорнын дамыту үшін дәйекті инвестициялық саясатты жүргізуге қауқары жоқ.

Нәтижесінде қазақстандық кәсіпорындардың жеткіліксіз технологиялық жарақтандырылуы;

өндірістік, сондай-ақ басқарушылық деңгейлердегі жоғары білікті кадрлардың тапшылығы болып табылады.

Кәсіпкерлікті қолдау және қазақстандық үлесті дамыту мәселелері әлемдік дағдарыстың келеңсіз әсері жағдайында ерекше маңыздылыққа ие болып отыр. Жыл сайын барлық мұнай-газ ұйымдары жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге қазақстандық сервистік компаниялардың көл санын тартуда. Алайда, ұлттық деңгейде қазақстандық үлесті дамыту қажеттілігі мен маңыздылығын жалпы ұғынуға қарамастан, жергілікті мазмұндағы бағдарламаларды әзірлеу және мониторингтеу жекелеген операторлар деңгейінде және жеке тәртіппен бытыраңқы жүзеге асырылуда.

Бүгіннің өзінде сатып алудағы қазақстандық үлесті арттыру жөніндегі міндеттердің табысты орындалғаны бойынша көптеген мысалдарды көруге болады. Бірақ қазақстандық қамтуды ұлғайтуға жеткіліксіз назар аударғандықтан өзінің толық әлеуетін пайдалана алмаған кәсіпорындарды да кездестіруге болады.

"ҚазМұнайГаз" секілді ұлттық компания қазақстандық үлесті ұлғайту жөніндегі жұмысты белсенді жүргізіп жатыр. 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында "ҚазМұнайГаз" компаниялар тобының сатып алуының жалпы көлемі 638 млрд. теңгені құрады, бұл ретте, қазақстандық үлес салмағы 428 млрд. теңгені немесе 67 пайызды құрады. Бұл ретте, қазақстандық қамтуды есептеу ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 1298 қаулысымен бекітілген негізгі көрсеткіші отандық тауар жеткізушіде СТ-KZ сертификатының болуы оның болып табылатын Ұйымдардың

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

"ҚазМұнайГаз" компаниялары тобы өндірісінің ерекшелігін ескере отырып, ҚМГ Басқармасының шешімімен (№ 59 хаттама) 2010 жылға арналған әртүрлі бизнес-бағыттар бойынша қазақстандық үлесті дамыту тиімділігінің мынадай көрсеткіштері бекітілді: мұнай өндіруде - 50 %; мұнай тасымалдаған кезде - 55 %; газ тасымалдаған кезде - 60 %; мұнай өңдеуде - 56 %; сервистік жобаларда - 60 %.

Қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасын іске асыру еңбек нарығындағы жағдайды түпкілікті өзгертуге, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Тауарлардағы, сатып алудағы және қызметтердегі қазақстандық қамтуды ұлғайту бағдарламасын іске асыру ғаламдық дағдарыстың ел экономикасына әсерін жұмсартуға ықпал ете отырып, отандық өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын дамыту үшін, қазақстандық азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін нақты жағдай жасайды.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға бұрын қол қойылғанына және жер қойнауын пайдаланушылар ішкі кадрларды даярлау бағдарламасын әзірлегеніне қарамастан, мұнай-газ компаниялары көптеген негізгі басқарушылық лауазымдарға, сондай-ақ біліктілік талаптары жоғары лауазымдарға шетелдік жұмыс күшін тартуда. Ірі инвестициялық жобаларды іске асырған кезде шетелдік құрылыс мамандықтары бар жұмысшылардың едәуір саны тартылады.

2009 жылы заңнамаға қазақстандық жұмыстарды, қызметтерді көрсетуші деген жаңа айқындама енгізілді. Қазақстандық үлес мәселесінде Қазақстан азаматтары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, оның аумағында тұратын жері бар заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметкерлерінің жалпы санында Қазақстан Республикасы азаматтарының кем дегенде 95 % пайдаланатын Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлерде тұратын жері бар олардың филиалдары мен өкілдіктері танылады.

Қазақстандық өндірушінің осындай анықтамасын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану саласында жұмыс істейтін немесе қызметтер көрсететін заңды тұлғалар тартылатын шетелдік қызметкерлердің санын азайтуға мәжбүр болады. Жұмыстарды (қызметтерді) жеткізуге арналған шарттарда қазақстандық үлесті есептеген кезде, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттардағы қазақстандық үлес салмағы ескеріледі. Тиісінше қазақстандық кадрлардың рұқсат етілген пайыздық арақатынасының шегі, олардың қазақстандық өндірушілер ретінде мәртебесін айқындаған кезде мердігерлерге, сондай-ақ қосалқы мердігерлерге қолданылады.

Осы түзетулерді енгізу қазақстандық кадрларды жұмыспен қамтамасыз ету, сондай-ақ қазақстанда шығарылған тауарларға, қазақстандық өндірушілердің жұмыстары мен қызметтеріне сұраныс бойынша мәселелерді шешу қажеттігіне байланысты туындады.

Қазақстандық қамту бойынша жұмыстарды екі форматта жүргізу ұсынылады - бірі барлық жер қойнауын пайдаланушылар үшін стандартты түрде, екіншісі, Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ ірі жобалары айналасында, олардың ауқымы ескеріле отырып - кеңейту жобасына назар аударып, неғұрлым егжей-тегжейлі жұмыс жоспары.

Мұнай-газ компанияларының ТЖҚ сатып алудағы қазақстандық үлесін қазақстандық өндірушілер өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен ұлғайту үшін:

жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелеріне алдын ала белгіленген кезең аяқталғаннан кейін тартылатын мамандардың санатына байланысты шетелдік жұмыс күшін қазақстандық кадрлармен ауыстыру туралы талапты енгізу;

келісімшарттар бойынша қаржы міндеттемелерінің орындалу деңгейін арттыру, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуындағы қазақстандық үлес бөлігіндегі талаптарды бұзу жөніндегі әкімшілік жауапкершілікті бекіту;

"Жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі" ақпараттық жүйесі базасында жер қойнауын пайдаланушылардың (ӨБТК-ні қоса алғанда) жүргізген және жоспарлаған сатып алуы туралы бірыңғай ақпараттық платформаның қалыптасуына ықпал ету;

"Мұнай, газ және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер" деген жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуларындағы қазақстандық үлес серпініне талдау жүргізу қажет.

6. Қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайлардың алдын алу.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2003 жылғы 9 маусымдағы № 129-б бұйрығымен бекітілген Экономика салаларын дамытудың мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларын, өндіру күштерін орналастыру сызбаларын әзірлеу кезінде болжанған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау ережесіне сәйкес әзірленген.

Салалық бағдарлама мұнай-газ саласының болашақта даму перспективасын көрсетеді, инвестициялық жобалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді, реттеу құжаттарын және стандарттарды әзірлеу және қабылдау қажет.

Бағдарламаның әрбір нақты жобасы шеңберінде мұнай-газ өңірлерінде экологиялық жағдайды жақсартуға, биологиялық әр алуандылықты сақтауға, сала кәсіпорындарының қоршаған ортаға әсерін төмендетуге бағытталған іс-шаралар әзірленетін болады.

Бұл ретте, мынадай міндеттер шешілетін болады:

1) қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін жетілдіру, оның ішінде:

заңнамалық базаны жетілдіру және қоршаған ортаға эмиссияларды төмендететін сала кәсіпорындарын ынталандыру тетіктерін енгізу;

қоршаған ортаның бірыңғай өндірістік мониторингтеу, оның ішінде аэроғарыш мониторингтеу жүйесін дамыту;

2) табиғи ортаны сақтау және қалпына келтіру, оның ішінде:

биологиялық әр алуандылықты сақтау;

Каспий теңізі қайраңының және іргелес аумақтың ластануының алдын алу, сондай-ақ мұнайдың төгілуіне ден қою және оларды жою;

жер және су ресурстары ластануының және әуе бассейні ластануының алдын алу;

өндіру және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату көлемдерін арттыру;

3) сала қызметкерлері мен тұрғындар денсаулығына қоршаған ортаның теріс әсерін төмендету.

Бағдарламаны іске асыру өндірістің болжамды өсуі кезінде қоршаған ортаның сапасын басқару деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға экологиялық жүктемені төмендету және саладағы экологиялық инфрақұрылымды дамыту аясында 2014 жылға қарай тұрақты дамудың мақсатты көрсеткіштеріне жоспарлы түрде қол жеткізу қамтамасыз етілетін болады.

Көмірсутек шикізатын қарқынды игеру аудандарында қоршаған табиғи ортаға әсер ету мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі техногендік жүктеме дәрежесіне, адамның, жануарлар мен өсімдік әлемінің өмір сүретін ортасы ретінде биологиялық жүйеге олардың тигізетін салдарымен, сондай-ақ топырақты-өсімдікті қабатының, жерүсті және жерасты су ауасының жай-күйін қоса алғанда жұмыс ауданының табиғи орта теңгерімінің бұзылуына байланысты.

Қоршаған ортаның мұнаймен, мұнай өнімдерімен және олардың туындыларымен ластануы күрделі экологиялық зардаптарға ғана емес, шаруашылық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындардың, сондай-ақ жалпы республиканың экономикасына да әсер ететін экономикалық сипаттағы зардаптарға да соқтыруы мүмкін.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі республикалық бағдарламалар шеңберінде жүргізілген зерттеулер мұнай өндіру кәсіпорындарының Қазақстанның мұнай-газ кен орындарын игерген 100 жыл ішінде Каспий жағалауы бірқатар аудандарының экологиялық жағдайын нашарлатқандығын куәландыруда. Тарихи сипаты бар деп аталатын мұнаймен ластанулар жағдайы проблемалы болып қалуда.

Сонымен бірге, сала кәсіпорындары мазутталған учаскелерді жою және ластанған аумақтарды, соңғы қалған технологиялық мұнай қамбаларын құнарландыру жөнінде мақсатты бағытталған жұмыс жүргізуде.

"Технологиялық қамбаны жою жөніндегі 2004 жылдан бастап 2010 жылдарға дейінгі кезеңге есептелген ұзақ мерзімді бағдарламаның" қолданылу кезеңінде қамбаның ауданын 84-тен 30 га дейін қысқартуға қол жеткізілді. 2009 жылы қамбаны жоюға 1,1 млрд. теңге бағытталды. Бағдарламаның қолданылу кезеңінде бағытталған қаржы қаражатының жалпы көлемі 1,6 млрд. теңгені құрады.

Қазіргі заманғы аз қалдықты технологияларды енгізу, жоғары өнімді жабдықты пайдалану қалдықтарды басқару жөніндегі мақсатты жұмыстың маңызды бағыты болып табылады. БӨ-де тәжірибелік-өнеркәсіптік жұмыстар шеңберінде көмірсутек құрылымын бұзатын бактериялар көмегімен топырақтың жоғалтқан құнарлылық қасиеттерін қайтаруға мүмкіндік беретін цеолитті-микробиологиялық әдіспен мазутталған аумақтарды қалпына келтіру жүргізілуде.

Қиын бұзылатын мұнайды өңдеу жөніндегі жоғары өнімді жабдық, термодесорбция әдісімен мұнай қоқыстарын өңдеу жөніндегі қондырғылар қолданылады. Қоршаған ортаға теріс әсері барынша аз жою жұмыстарын жүргізу үшін мазутталған топырақты және мұнай қоқысын өңдеу жөніндегі өнімділігі сағатына 30 тонна жоғары технологиялық ұтқыр кешендер қолданылады.

Болашақта, Қашаған кен орнын игеру кезінде Теңізде күкіртті кәдеге жарату мәселесі проблемалы болып қала бермек. Экологиялық мониторингтеудің бірыңғай салалық жүйесі жоқ.

Қазіргі кезеңде, мұнай-газ саласының қарқынды дамуы қоршаған ортаның ластануымен қоса жүреді және қоршаған ортаға техногендік әсерді азайту жөніндегі анағұрлым озық әдістердің қолданылуын талап етеді.

Іздестіру-барлау жұмыстарының жандандырылуына, ал кейіннен қайрандағы теңіз мұнай кен орындарын игеруге байланысты Каспийде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі аса өзекті. Теңізде болуы мүмкін мұнайдың төгілуінің алдын алудың және жоюдың тиімді жүйесін құру мәселесі де өткір.

Осылайша, еңбек қауіпсіздігін арттыру және саланың қоршаған ортаға теріс әсерін төмендету жөнінде жүйелі шараларды іске асыру шеңберіндегі жұмыста мынадай негізгі бағыттарды атап көрсетуге болады:

1) тарихи ластану проблематикасын шешу (ұңғымалар, қамбалар, газды, күкіртті жағу).

Мамандандырылған институттарды тарта отырып Каспий теңізінің суы басқан аймағында және консервацияда тұрған "иесіз" ұңғымаларды қоса алғанда, Каспий теңізінің қазақстандық секторы шегіндегі мұнай ұңғымаларының жай-күйін бағалау бойынша мынадай жұмыстар жүргізу қажет:

мұнай ұңғымаларының сенімділігін арттыру жөнінде техникалық шешімдерді іске асыру бағдарламаларын әзірлеу;

мұнай ұңғымаларының сенімділігін арттыру жөнінде техникалық шешімдер әзірлеу ;

2) төтенше жағдайлардың, оның ішінде мұнай төгілуінің алдын алу мен ден қою және олардың зардабын жою.

Қазақстанның Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ ірі кен орындарында ілеспе газда күкірт қышқылы деңгейінің өте жоғары, сондай-ақ қалыптан ауытқу жоғары қабат қысымымен сипатталатынын атап өту қажет.

Сезімтал қоршаған орта жағдайында жұмыс жасауға байланысты аталған ерекшеліктер өндірістің "дәстүрлі" талаптарына қоса (өрт қауіпсіздігі, улану және т.б.) жоғары қауіпсіздік әрекеттерін талап етеді.

Авариялық жағдайдың алдын алу және болдырмау мақсатында шығарындыға қарсы құрылғы элементтерінің жағдайын бақылау жүйесін әзірлеу және орындау. Барлау бұрғылау мен ұңғыманы пайдалануға пәрменді бақылаудың болуы.

Қазіргі уақытта, КТҚС 43 ұңғыма бұрғыланған, 3 жасанды арал салынған, бұрын құрлық жағдайында бұрғыланған және бүгінде теңіз деңгейінің көтерілуі салдарынан су басқан 187 ұңғыманың 24-і жойылған.

Атырау және Маңғыстау облыстарында құрлықта топырақтың ластанған учаскелерінің бар болуы, көлемі мен құрамы бойынша әртүрлі мұнай өндіру, өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет қалдықтарының жиналуы себебінен теңізді және жағалау аймағын ластаудың ықтимал көздері болып табылатын ондаған мұнай және газ кен орындары игерілуде.

Болашақта, жаңа барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылап, жасанды аралдар, мұнай құбырлары мен газ құбырларын салып, танкерлік флоттың қуатын одан әрі арттыра отырып, Каспий теңізінің акваториясы мен жағалау аймағында мұнай операцияларын қарқынды кеңейту жоспарлануда, бұл жалпы өңірдегі қоршаған ортаның жай-күйіне теріс антропогендік жүктеменің артуын болжайды.

Каспий теңізінің тұйықтығына және Әлемдік мұхитпен байланысының болмауына байланысты оның жоғары экологиялық сезімталдығы оның акваториясында мұнай операцияларын кеңейту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және халықаралық құқықтық актілердің шарттарына сәйкес теңіз жобаларының операторлары мен қатысушыларының өңірдің, оның ішінде мұнайдың авариялық төгілуі және олардың зардаптарын жою кезінде, толық экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуін талап етеді.

Мұнай операцияларын жүргізудің халықаралық практикасына сәйкес төгілген мұнай көлеміне, ластану және экологиялық-экономикалық зардап ауқымына, зардаптарды жою үшін тартылатын материалдық, қаржы және адам ресурстарының санына қарай мұнайдың төгілуінің үш деңгейін ажыратады. 1-ші деңгейдегі төгілуді оқшаулау және жою үшін компанияның да, мамандандырылған мердігерлік ұйымдардың да меншікті ресурстарын пайдалану көзделеді. 2-ші деңгейдегі мұнайдың төгілуін жою мамандандырылған ұйымдардың қосымша ресурстарын пайдалануды, ал 3-ші деңгейдегі - ірі мамандандырылған компанияның едәуір күштері мен құралдарын тартуды талап етеді. Мұнай төгілуіне ден қоюдың ұлттық жоспарына сәйкес 1-ші және 2-ші деңгейдегі мұнайдың төгілуін оқшаулау және жою үшін жер қойнауын пайдаланушы, ал 3-ші деңгейдегіге - мемлекет жауапты болады.

Мұнайдың авариялық төгілуін жою жөніндегі техникалық және адам ресурстарымен жер қойнауын пайдаланушылардың қамтамасыз етілуін талдау бүгінгі

күні қолда бар 1-ші және 2-ші деңгейдегі мұнайдың төгілуін оқшаулау жөніндегі күштер мен құралдардың ажырап кеткендігін және ұңғымалардың бақылаудан шығу жағдайларын айтпағанның өзінде, 3-ші деңгейдегі төгілуді жою үшін жеткіліксіз екендігін көрсетіп отыр.

Қазіргі уақытта, мұнайдың төгілуіне ден қою жүйесі Қашаған және Теңіз жобаларында жұмыс істейтін Аджип ККО компаниясының базасында құрал-жабдық және техникасы бар шетел компаниялары және орындаушы фирмалар, (Ұлыбританияның Саутгемптон қаласында орналасқан "Ойл Спилл Риспонс Лимитед", және т.б.) шетелдің арнаулы мекемелерінің бөлектенген күштерінің арқасында жүзеге асып жатыр.

Мемлекеттік қолдауға ие болып, Солтүстік Каспий экологиялық ден қою (бұдан әрі - СКЭДБ) базасын салу жөнінде басым жоба пайда болды. Жобаның мақсаты КТҚС солтүстік бөлігінде теңіз мұнай операцияларын іске асыратын операторларды мұнайдың 2-ші дәрежелі төгілуіне ден қою қызметін қамтамасыз ету үшін база ашу. Солтүстік Каспий экологиялық ден қою базасының құрылысын басты белгілеу міндеті жануарлар әлемін қайта жаңғырту, экологиялық және әдіснамалық мониторингтеу өткізу, мұнайдың төгілуін жоятын жабдықтың техникалық қызметі, оны сақтау болып табылады.

Каспий теңізінде теңіз мұнай операцияларын жүргізу қауіпсіздігі авариялық фонтандарды сөндіру және өртті сөндіру жөніндегі қаржылық, техникалық және адам ресурстарымен толық қамтамасыз етілмегендігі алаңдатады.

Сонымен бірге, Каспий теңізінің жабық су айдыны ретіндегі ерекшелігін ескере отырып, теңізде мұнай кен орындарын барлау және игеру кезінде кез келген аварияның туындауы халықаралық деңгейдегі экологиялық апатқа әкеліп соқтыруы мүмкін екендігін атап өткен жөн.

Бұл ретте, түп тереңдігінің әр түрлілігіне (солтүстік - таяз сулы, ал оңтүстік - терең сулы) байланысты КТҚС-та мұнайдың төгілуіне ден қоюды және жоюды қамтамасыз ету таяз су үшін және терең су үшін бөлек, теңіздің толқуы жағдайында өту қабілеті (шөгуі), сондай-ақ олардың меншікті қауіпсіздігі тұрғысынан да әртүрлі үлгідегі мамандандырылған кемелердің (мұнай жинаушылардың, өрт сөндіру, фонтанға қарсы, құтқару, мұз жарғыш және басқа), сондай-ақ арнайы жабдықтың қолданылуын талап ететіндігін ескеру керек. Практика көрсетіп отырғандай аварияларды жоюға арналған жаңа бірегей жабдық әзірлеуге тура келіп отыр.

Сондықтан да кем дегенде үш ден қою базасын құру қажет, өйткені ден қою тиімділігі мұнай төгілуінің басталуы мен оны оқшаулау және зардаптарын жою уақыты арасындағы уақыт аралығымен анықталады.

Қазақстан Республикасы мұнай төгілуіне ден қою және трансшекаралық контексте ластану жөніндегі соңғы халықаралық құжаттар (Мұнайдың төгілуіне Қазақстанның ден қою дайындығы жөніндегі ЕҚЫҰ Дөңгелек үстөлінің хаттамасы, Каспий теңізі

жөніндегі Негізгі конвенцияға Тегеран хаттамасы) аясында Каспий теңізінде қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі үшін үлкен жауапкершілікте болады.

Осыған байланысты КТҚС мұнайдың төгілуі салдарының алдын алу үшін 3-ші деңгейдегі төгілуге ден қоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру, оны қазіргі заманғы техникалық құралдармен және жабдықпен жарақтау, сондай-ақ жоғары білікті мамандарды даярлау мәселесін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қауіпсіздік Кеңесі деңгейінде қараудың аса қажеттілігі болып отыр.

Құқықтық сипаттағы маңызды мәселелер де орын алады. Мысалы, нақты жер қойнауын пайдаланушымен шарт жасасқан мұнайдың авариялық төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың ұнғымаларды сөндіру және өрт сөндіру құралдары жоқ, күш пен құралдарды шоғырландыру қажет болған жағдайда басқа келісімшарттық учаскеде мұнайдың төгілуі үшін жауап бермейді және оны жоюға құқығы жоқ. Сондай-ақ шетелдік мамандандырылған ұйымдар тартылған жағдайда кедендік рәсімдерді оңайлату жөнінде проблемалық мәселелер бар, бұл қолданыстағы заңнамаға және жасалған келісімшарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

1) мұнай төгілуіне жауапкершілікті қоса алғанда, табиғатқа келтірген залалы үшін, апаттың құқықтық мәселелерін;

2) ұнғымалардағы қысымды бақылайтын лақтырындыға қарсы құрылғының болуын , компания-операторлардың апатқа қарсы техникалық құрал-жабдығының жағдайын;

3) оқытуға қолданылатын шараларды және оператор-компаниялар штатының дайындығын;

4) қолданылатын технологиялардың инспекция жүйесінің тиімділігін, техникамен жабдықталғанын, қауіпсіз химикаттарды, биорагенттерді, қышқылдарды, төгілген мұнайды өртеуге арналған құралдарды, компания-операторлардың апаттардың алдын-алуына дайындығын және олардың салдарымен күресті бағалау жөнінде жұмыс атқару қажет.

КТҚС мұнай операцияларын жүргізу кезінде ТЖ алдын алу және ден қоюға белгілі шаралар қабылдануда. Мәселен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы қаулысымен бекітілген "Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспар" әзірленді.

Қазіргі уақытта, Ұлттық жоспарды жаңарту жөнінде жұмыс жүргізілуде, оның төтенше шаралар жүйесі мыналарды қамтуы тиіс:

1) Жауапкершілік құрылымы мен бағынушылық жүйесін, сондай-ақ ірі авариялар мен төтенше жағдайлар кезіндегі жеке жауапкершілікті анық көрсететін ұйымдастырушылық жоспар;

2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 № 422 Қаулысымен;

3) Билік орындарын хабардар ету жүйесін, әрбір тұлғаның міндеттерін, төтенше жабдықты қайда және қалай пайдалану және қандай әрекеттер жасауды, ірі авариялар мен төтенше жағдайлардың зиянды салдарын шектеуге бағытталған шараларды және іс-қимылдың аяқталу ережесін қоса алғанда сигнал беру және коммуникациялық жүйелерді анық сипаттайтын іс-шаралар жоспары.

Бұл ретте, басқа да Каспий маңы елдерінің қатысуымен Каспий маңы елдерінің оффшорлық авариялары салдарының алдын алу және олармен күресу жөнінде тұрақты жұмыс істейтін жалпы басқарушы/бақылаушы агенттікті құруды қарау.

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ мұнай төгілуінің ықтимал экологиялық тәуекелдерін ескере отырып, ЕТҰ арналған әдіснамалық ұсынымдар ретінде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігімен келісілген мынадай бірқатар корпоративтік басшы құжаттар әзірлеген болатын:

- 1) "Мұнай төгілуіне ден қоюдың корпоративтік жүйесі";
- 2) "Теңіздегі төгілуді оқшаулау және жою, теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде персоналды эвакуациялау, құтқару және оның тірі қалуы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру ережесі";
- 3) "Халықаралық практикаға сәйкес ТЖ біріздендіру, бағалау, талдау және тәуекелдерін азайту әдістемесі".

Бұдан басқа, "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ 2006-2015 жылдарға арналған кешенді экологиялық бағдарламасын іске асыру шеңберінде, сондай-ақ осы проблеманың экологиялық және әлеуметтік аспектілерін ескере отырып, корпоративтік өндірістік экологиялық мониторинг жүйесін қалыптастыру жалғастырылуда. Қазіргі уақытта, оның бірінші кезеңі іске асырылды - геоақпараттық технологиялар негізінде қоршаған ортаның аэроғарыштық экологиялық мониторинг жүйесі енгізілді және жұмыс істеуде, тұрақты түрде жаңартылатын электрондық экологиялық карта жасалды.

Осы аэроғарыштық экологиялық мониторингтеу жүйесі "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ жауапты барлық аудандар мен учаскелерді КТҚС мұнай дақтарын анықтауды және жедел мониторингтеу, радиолокациялық зондтау технологиясын пайдаланып оларды тіркеуді, біріздендіру алгоритмі арқылы мұнай дақтарын табуды, төгілудің нақты координаттары мен ауданын анықтау, мұнай төгілуінің теңізде тарауын модельдеуді қоса алғанда үздіксіз қадағалап отырады.

Мыналар:

- 1) атмосфералық ауаның, оның ішінде ілеспе мұнай газын жағу жөніндегі жұмыс істеп тұрған шырақты қондырғылардың ластану көздерін анықтау, таралуын модельдеу ;
- 2) мұнай дақтарын және ластану көздерін, соның ішінде теңіздегі, табу, таралуын модельдеу;
- 3) магистралдық газ құбырлары мен мұнай құбырлары трассаларының тәуекелдік учаскелерін мониторингтеу;

4) мазутталған учаскелерді анықтау, мазутталуды жою серпінін және мұнай қамбаларын бақылап тексеру;

5) теңіздегі мұнай жағдайларын бақылап тексеру;

6) барабар басқару шешімдерін жедел қабылдау;

7) дерекқорда ақпаратты жүйелендіру және сақтау, электрондық экологиялық картаны толықтыру аэроғарыш мониторингінің негізгі міндеттері болып табылады.

Корпоративтік өндірістік экологиялық мониторинг жүйесін құрудың келесі кезеңі қоршаған ортаның және экологиялық зертханалардың көрсеткіштерін тіркеу және өлшеудің оңтайлы желісін ұйымдастыру болып табылады. Атмосфералық ауаны қадағалаудың автоматтандырылған станцияларын құру жөніндегі пилоттық жоба "ҚазТрансОйл" АҚ Ақтау мұнай айдау станциясы базасында іске асырылды.

Қазіргі уақытта, "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-тың ЕТҰ қолданыстағы құрал-жабдықтық базасына талдау жүргізілді. Қадағалау станциялары мен зертханаларының, сондай-ақ жалпы экологиялық мониторинг жүйесінің басқа құрамдас бөліктерінің корпоративтік желісін бұдан әрі кезең кезеңмен қалыптастырудың жолдарын анықтау қажет.

Бұл айтарлықтай қаржылық және материалдық ресурстарды, санаткерлік әлеуетті тартуды, инновациялық технологияларды енгізуді талап ететін күрделі және жан-жақты жұмыс екендігін атап өту қажет.

Сондай-ақ, мұнайдың авариялық төгілуі жағдайында "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ ЕТҰ мұнайдың авариялық төгілуін жою жоспарларында (МАТЖЖ) төтенше жағдайларда экологиялық мониторингтеу жүргізу көзделген.

Осы мәселенің өзектілігін назарға ала отырып, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ "Семсер - Өрт сөндіруші" ЖШС еншілес сервистік ұйымды тарта отырып мұнай төгілуіне ден қоюдың корпоративтік жүйесін құру жөнінде жұмыс жүргізуде.

Әрбір нақты жоба бойынша қоршаған ортаға әсерді толық бағалау осы жобалардың техникалық көрсеткіштеріне байланыстырылып, оларға экологиялық сараптама және қоғамдық тыңдаулар жүргізіп, мемлекеттік органдармен келісіп әзірленетін болады.

Киото хаттамасы бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде саланың энергиялық тиімділігін арттыру, ресурстарды және энергияны сақтайтын технологияларды енгізу және парниктік газ шығарындарын төмендету жөнінде жүйелі әдістерді пысықтау және іске асыру талап етіледі.

7. Білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету.

